# SARYARQA

11 маусым 2021 жыл

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№22 (8234)



КҮН ТӘРТІБІ
КҮЗДЕ – ХАЛЫҚ САНАҒЫ
2-бет

КЕЛБЕТ
КӘСІПКЕРЛЕР НАҚТЫ ҚОЛДАУҒА ИЕ
3-бет

АЙНА
«ЕҢБЕК» – ЕЛ ИГІЛІГІ ҮШІН
4-бет

ҚОҒАМ
ХАЛҚЫНЫҢ ЖОҒЫН ЖОҚТАҒАН
5-бет


ЕЛ және ЕЛБАСЫ

# ЕЛДІКТІҢ ЖОЛЫ



***Еліміздің Тәуелсіздігін нығайтып, іргемізді бекем еткен, Қазақстанның халықаралық аренадағы орнын айшықтаған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев еңбегі қай кезде де таңдай қағып, тамсана айтуға лайық. Қызмет жолын шалғайдағы шағын қаладан бастап, маңдай тері арқасында елдің нөмірі бірінші басшысына айналу – кез келгеннің қолынан келе бермейтін іс. Не десек те, Елбасының көрегендігі, болашақты бағдарлап, алысқа көз тастай отырып, батыл шешімдер қабылдай білетінін ешкім де жоққа шығара алмайды. Оның ел әлеуетін арттырып, қазақ атты халықтың даңқты жолын паш еткен кемеңгерлігін бүгінгі жастар да, келешек ұрпақ та үлгі етері сөзсіз.***

►2-бетте

***Рәміздер – азаттығымыздың басты айғағы, Тәуелсіздігіміз бен дербестігіміздің, егемендігіміз бен еркіндігіміздің басты нышаны. «Мемлекеттік Рәміздер – бұл біздің мемлекетіміздің, біздің егемендігіміздің берік негізінің бірі. Олар Тәуелсіздіктің қасиетті біріктіруші образын білдіреді» деп еліміздің Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев дәл бағасын берген Қазақстан Республикасының Рәміздері – Ту мен Елтаңба 1994 жылы 4 маусымында қабылданған болатын.***

# ЕГЕМЕНДІК НЫШАНЫ

***Рәміздер күні аталып өтті***



►►3-бетте

САКРАЛДЫ ҚАЗАҚСТАН

# «ЖЕЗҚАЗҒАН-ҰЛЫТАУ АЙМАҒЫ ӘЛІ ДЕ ЗЕРТТЕУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ»

***«Ұлт ұясы» атанған Ұлытау өңірі тарихи-мәдени, археологиялық ескерткіштерге өте бай. Бұл өңірдің құт пен қасиет дарыған тарихы кім-кімді де бей-жай қалдырмасы анық. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұлытау-2019» халықаралық туристік форумында сөйлеген сөзінде: «Ұлытау – ұлтымыздың алтын бесігі, тағылымды тарихымыздың куәсі. Үш жүздің басын қосқан Ұлытауда бабаларымыз ұлттың келешегін ойлап, бірліктің туын желбіреткен. Қалың қауым осы киелі өлкеде ел билеген хандарды ақ киізге көтеріп, таққа отырғызған. Сондықтан біз Ұлытау жеріне хан ордасы, қазақ жерінің кіндігі деп, ерекше құрметпен қараймыз!» деп, бұл аймақты туристік орталыққа айналдыру жұмыстарын жүзеге асыру міндетін жүктеген болатын. Соған сай өңірдегі көне ескерткіштер қайта қалпына келтіріліп, бірқатар жаңа нысандар ашу жұмыстары жүріп жатыр. Дегенмен, «Ұлытау аймағындағы археологиялық зерттеу жұмыстары бәсеңдеп қалған жоқ па?» деген сұрақ көпті алаңдатыны сөзсіз. Осы мәселені нақтылау мақсатында археолог, PhD Айбар ҚАСЕНӘЛІМЕН сұхбаттасқан едік.***

***– Айбар мырза, сөз басын қызығы мен шыжығы мол археолог кәсібін таңдауыңызға не түрткі болғанынан бастасақ. Археология саласына қалай келдіңіз?***

– Бала күнімнен отбасымызбен әртүрлі өңірлерге барып, саяхат жасап, сол жерлердің табиғатымен танысқанды жақсы көретінбіз. Дегенмен, маған «Сен қалайда археолог болуың керек!» деген талап қойылмады. Мен Павлодар қаласындағы Ы.Алтынсарин атындағы облыстық қазақ гимназия-интернатында білім алдым. Ондағы ұстаздарымның да әсері болар, тарих пәнін сүйіп оқыдым. Маған әлем тарихының түзілуін, адамзат өркениетінің бүгінге дейінгі қалыптасу кезеңін тереңірек білу ұнайтын. Содан 11-сыныпты аяқтаған соң Алматы қаласындағы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті тарих факультетінің археология және этнология кафедрасына оқуға түстім. Бакалаврды 2008 жылы тәмамдап шықтым. Археология саласына кеңінен бойлай отырып, білімімді одан әрі де жетілдіруге шешім қабылдадым. Осылайша магистратураға түстім, одан кейін PhD ғылыми дәрежесін қорғап шықтым. Менің докторлық диссертациям Орталық Қазақстан өңіріндегі қола мен темір дәуіріндегі өтпелі кезең тарихына арналды. Осы арқылы Доңғал қорымы, Қаратал ескерткіштері, Тағыбай-бұлақ қонысы тағы да көптеген орталық өңірдегі тарихи-археологиялық орындарды зерттеуге мүмкіндік туды.

►►2-бетте

БӘРЕКЕЛДІ!

# САЯБАҚ ЖАҢАРАДЫ

***«Наурыз» саябағын қайта жаңғырту бойынша мемлекеттік сатып алу конкурсының қорытындысы шықты. Қалалық бюджеттен бөлінген 58 282 399 теңгеге жезқазғандықтардың сүйікті демалыс орнын «Жезқазған Транс Сигнал» ЖШС жөндейді.***

31 тамызда тапсырылатын нысанның кіреберісі, жаяу жүргіншілер жолы жаңартылып, «Тайқазан», «Домбыра» кіші архитектуралық пішіндер орнату жоспарланған. Сонымен қатар, қосымша орындықтар, қоқыс жәшіктері орнатылып, жарықтандыруға баса назар аударылмақ. Бүгінде суару желісі ретке келтірілген саябаққа мердігер 220 тал отырғызуды, Аманжолов көшесі жағынан кіреберіс жасауды, саябақтың аумағы бойынша жүгіру жолағын салуды көздеп отыр. Басты кіреберіске «Наурыз көже дайындау» көрінісін бейнелейтін архитектуралық пішін орнатылып, субұрқақтың айналасы абаттандырылады.

Сонымен бірге биыл аталған саябақта қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлына арнап ескерткіш қойылмақ. Ескерткішті авторы – суретші Саид Айнеков. Мүсіншілер – Тоқтар Ермеков пен Жеңіс Жұбанкосов. Қала әкімінің бастамасымен қолға алынған «70 жылға – 70 игі іс» жобасы аясында 2022 жылы «Наурыз» саябағында Алаш қайраткерлері мен өңірге еңбегі сіңген ақын-жазушылардың кешенді бьюстерінен тұратын «Руханият» аллеясы да ашылмақ.



**Өз тілшіміз**

## МОБИЛЬДІ ТОПТАР БОЙЫНША АҚПАРАТ

***Ағымдағы жылдың 1-9 маусым аралығында облыстағы мониторингтік топтардың 6513 объектіні тексеру барысында 55 тәртіпті бұзу дерегі анықталған (44 – объект, 11 – жеке тұлға).***

2021 жылғы 9 маусымда 805 объект тексерілді, 10 бұзушылық анықталды (8 – объект, 2 – жеке тұлға), 2 айыппұл салынды (Балқаш қаласы және Ақтоғай ауданы).

Оның ішінде, Сәтбаев қаласында 4 бұзушылық (2 – «Гермес» дүкенінде, «Мини-маркет» дүкенінде әлеуметтік қашықтықты сақтамау, 2 – «Волна» дүкенінде, «Каспи» дүкенінде әлеуметтік қашықтықты сақтамау), Жезқазған қаласында 1 бұзушылық (1 магазин «Мирас» дүкенінде – әлеуметтік қашықтықты сақтамау), Балқаш қаласында 1 бұзушылық («The doors» дүкенінде әлеуметтік қашықтықты сақтамау), Саран қаласында 1 бұзушылық (жеке тұлға – «ҚазПоштада» әлеуметтік қашықтықты сақтамау), Бұқар жырау ауданында 1 бұзушылық («Аманжол» дүкенінде әлеуметтік қашықтықты сақтамау), Ақтоғай ауданында 1 бұзушылық («Баракат» дүкенінде әлеуметтік қашықтықты сақтамау), Шет ауданында 1 бұзушылық («Оптика» дәріханасында әлеуметтік қашықтықты сақтамау).

Жыл басынан бүгінгі күнге дейін 92 348 нысан тексеріліп, 1586 бұзушылық анықталды.

2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2021 жылдың 9 маусымына дейін 73 млн теңгеден астам сомаға әкімшілік айыппұл салынды. Облыс бойынша 91 мобильді топ жұмыс істейді.

ӘКІМ САҒАТЫ

# ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШІ – НАЗАРДА

***Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров «Facebook» әлеуметтік желісінде тікелей байланысқа шығып, жезқазғандықтарды толғандырған мәселелерді шешу барысын таныстырды.***

– Сіздермен осындай тікелей форматта сұхбаттасып отыру мен үшін аса маңызды. Біздің жасап жатқан істеріміздің барлығы қаламыз үшін, мына сіздерге барынша жақсы өмір сүру жағдайын жасауға бағытталған. Сондықтан олардың нәтижесінің оң не теріс екенін ұғу үшін бізге сіздердің көзқарастарыңызды білу қажет, – деп дәстүрлі әкім сағатын бастап кеткен Қайрат Бектайұлы қала тұрғындарын алаңдатқан көше мен аула тазалығы, қоғамдық орындардың ретке келтірілуі, жолдардың жөнделуі сынды өзекті мәселелерге жекелей тоқталды.

Бүгінде күннің ыстығында саябақ пен скверді паналаған азаматтардың ондағы тазалыққа, абаттандыру мен жасыл желектердің бапталуына көңілі толмайтынын айтып жатудың өзі артық. Әлеуметтік желіге кіре қалсаң осы тақырыптағы сынға көз сүрінеді. «Ротонда қараусыз қалды», «Наурыз» саябағының тоз-тозы шықты» деп дабыл қаққан көпшіліктің шағымы орынсыз емес. Аталған олқылықтың орнын толтыру мақсатында ауқымды жұмыстар жасалып жатқанын алға тартқан қала басшысы: «Ротонда скверін күтіп ұстау міндеттемесін «Қазақ көру қабілеті зақымданған азаматтар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің жамбылдық кәсіпорны өз мойнына алды. «Наурыз» саябағы да біздің назарымызда. Жыл басынан бері әкімдік саябақты абаттандырудың жобасын жасады. Онда суару желісін тарту да жоспарланды. Қазіргі таңда тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің тапсырысымен мердігерлер мен жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны жалпы ұзындығы 16,1 шақырым болатын суару желісін жаңартуға кірісіп кетті. Жасыл желектерді сақтаудың ғана емес көбеюдің де жолдарын жан-жақты қарастырудамыз. Мысалы, өз алдымызға Кеңгір жағалауы бойында тамшылап суару әдісімен 12272 тал егу міндетін қойып отырмыз», – деді де қалалық бюджет есебінен жаз-күз мезгілінде «Наурыз» саябағын күтіп ұстауға міндетті «Даму Ниет-2016» ЖШС және өзге де мердігерлердің жұмыс сапасы қатаң бақылауда болатынына сендірді.

Айта-айта жауыр болған қоқыс мәселесі де қаузалмай қоймады. Қоқыс алаңдарын күнбе-күн тазалау жолға қойылса да тұрғындардың мәдениеті әлі де ақсап тұр. Соның нәтижесінде тау болып үйілген заңсыз қоқыс алаңдары көбейген. Үйден шыққан тұрмыстық емес қалдықтар, яғни ескі-құсқы жиһаз, құрылыс материалдарымен күресу үшін қалалық әкімдік қаржы бөліп, мердігерді де сайлаған. Тәртіп сақшылары да абаттандыру ережесін бұзғандарды айыппұл арқалатып, тәртіпке шақыруда. Жыл басынан Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 505-бабын бұзғандарға қатысты 1000 аса хаттама толтырылған. Дегенмен, жағдай оңалар емес. Осы ретте, қала әкімі тұрғындардың жауапкершілігі мен азаматтық ұстанымына арқа сүйейтінін жеткізді. «Жезқазған – біздің ортақ үйіміз. Сондықтан, оның тазалығы біз бен сізге керек. Тұрмыстық қалдықтардан өзге қоқысты алаңға тастап жатқан жүгенсіз тұрғындарды көрсеңіздер учаскелік полиция қызметкеріне не әкімдікке хабарласыңыздар», – деген қала әкімі көше жолдарын жөндеу қарқын алғанын айтты. Биыл Жезқазғанда жалпы алғанда 8 көшенің жолы орташа жөндеуден өтеді. Оның ішінде тұрғындар шағымданып жүрген Асылбеков, Смаилов, Түсіпбеков, Әуезов көшелері де бар. Аталған көшелерді мердігер компания «Алмас Құрылыс Қазақстан» ЖШС жөндейді.

Әкім сағаты барысында шағын және орта бизнес өкілдерінің өзіне тиесілі ғимарат пен аумақты абаттандыруы бойынша да жүйелі жұмыс жүріп жатқанын жеткізген Қайрат Бектайұлы аптасына әлеуметтік желі арқылы ең азы 50, ең көбі 90 шағым түсетінін айтты. Тұрғындар өтініші елеусіз қалмай, айтылған сын-ескертпелерді жою жолында жұмыстар әлі де жалғасады.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

АКЦИЯ

# ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН САҚТА, ӨМІРІҢДІ ҚОРҒА!

***Жүргізушілер арасында көлік жүргізудің тәртібін арттыру және жол-көлік оқиғаларының санын азайту, сондай-ақ жол қозғалысы ережелерін бұзудың алдын алу мақсатында 2021 жылғы 17 мамыр мен 16 маусым аралығында Жезқазған қаласының аумағында республикалық «Қауіпсіз жол» жедел алдын алу іс-шарасы өткізілуде.***

Бүгінде Жезқазған қаласының полиция басқармасы қызметкерлері жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзғандарды анықтауға ерекше назар аударып, түсіндірме жұмыстарын күшейтті. Жылдамдықты арттырудың соңы қайғылы оқиғаға себепші болатынын жіті түсіндірген полиция қызметкерлері жол қозғалысының барлық қатысушылары жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерді бір-бірін құрметтеп, ережені бұзбауға шақырды.

Жедел алдын алу іс-шарасын кезінде тәртіп сақшылары жол қозғалысы ережелерін бұзудың 906 дерегін анықтады. Көбінесе көлік тізгініндегі азаматтар басқару кезінде телефонмен сөйлескен, маневр жасау ережелерін бұзған, бағдаршамның тыйым салатын белгісіне өткен, жаяу жүргіншілерге жол бермей, авариялық жағдай туғызған. Сонымен бірге, теміржол өткелдерінен өту ережелерін бұзған, автокөлігін міндетті техникалық байқаудан өткізбеген. Қауіпсіздік белдігін тақпағаны үшін 84 жүргізушіге айыппұл салынса, жаяу жүргіншілердің жүру ережесін, яғни жолды тиісті жерден кесіп өтпегені үшін 123 тұлғаға хаттама толтырылған. Тіпті 10 жүргізуші көлікті басқару құқығы болмаса да рөлге отырған. 40 автокөлік айып тұрағына тоғытылды.

Сонымен бірге, осы аптаның басынан «Автобус» жедел алдын алу іс-шарасы басталды. Аталған шара қоғамдық көлік жүргізушілерінің жолда жүру, жолаушылардың жүк тасымалдау ережелерін сақталу барысын бақылауға мүмкіндік берді. Екі күннің ішінде тәртіп сақшылары ереже бұзған 15 фактіні анықтады. Атап айтар болсақ, қоғамдық көліктің жүргізушілері міндетті техникалық байқаудан өтуге асықпаған, рөлде телефонмен сөйлесіп, сақтандыру полюсінсіз жолаушы тасымалдаған. Қоғамдық көлікті рұқсатсыз жанар-жағармайдан газға ауыстырып, лед-жарықтандыру орнатқандар да бар. Құқық бұзушылыққа жол берген жүргізушілердің бәрі әкімшілік жазаға тартылып, 2 автобус айып тұрағына қойылды.

Жыл басынан бері Жезқазған қаласы аумағында 10 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, оның салдарынан 6 адам қаза тапты. Жетеуі түрлі жарақат алды. Олардың қатарында кәмелет жасқа толмағандар да бар.

**Бота ШАЛҚАР**

COVID-19

# СӘРСЕНБІДЕ «САРЫ» АЙМАҚҚА ЕНДІК

Сәуірден бері «қызыл» аймаққа енген Қарағанды облысы эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасына сәйкес сәрсенбінің сәтінде «сары» аймаққа ығысты.

Айта кетейік, сейсенбі күні облыста COVID-19 жұқтырудың 142 жаңа жағдайы тіркелген. Шектеу шараларын жеңілдету эпидемиологиялық ахуал 7 күн ішінде тұрақтанған жағдайда жүргізіледі.

Індеттің таралуы бойынша елімізде «қызыл» аймақта әлі де Нұр-Сұлтан қаласы тұр.

**Өз тілшіміз**

# ЕЛДІКТІҢ ЖОЛЫ

*(Соңы. Басы 1-бетте).*

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен сан түрлі келелі кеңестер өтті. Саяси жиындарда төрағалық етіп, біліктілігімізді таныттық. Ұлттық болмысымызды биікке көтердік. Елбасы бастамасының қай-қайсысы да жарға жықтырған емес. Солардың ішінде мен Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасын айрықша тілге тиек еткім келеді. Отыз жылдық Тәуелсіздік тарихында Елбасы бастамасымен жүзеге асырылған талай-талай игі бастамалар жетерлік. Солардың ішінде «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасының алар орны айрықша дер едім. Неге дерсіз? Осы тұста аталған бағдарламаның өскелең өрен мен жас ұрпаққа берері не деген сауал туындары ақиқат. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында ұлтымыздың мақтанышы саналар мәдениет мәйектері туралы айтыла келе, бүгінгі қазақ ғылымы мен экономикасына қатысты жөнді пікірлер келтірілген. Қанша жыл елді басқарып, 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдерін тату-тәтті кейіпте бір шаңырақ астына жинап, түтініміздің түзу ұшуына себепкер болған Н.Назарбаевтың көреген көшбасшы және сарабдал саясаткер екенін осы мақала тағы бір дәлелдеп, келесі күнге артылған жауапкершілік жүгі мен танылған мақсат-мүдделеріміз тоғыстырылған. Бұл жастардың жарқын болашаққа деген сенімін арттырып, елінің ертеңі болуға деген талпынысын тұрақтары сөзсіз.

«Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды XXI ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», – деп ашып көрсетеді. Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс. Бәсеке болған жерде әрбір тұлға өзінің ең сапалы қызмет түрін ұсынады. Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, ұлттық идеологиясы темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз. Ұлттық жаңғыру дегеніміз – ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. «Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді», – дейді Н.Ә.Назарбаев. Сондықтан рухани жаңғыру үдерісін дер кезінде қабылданған оң шешім деп танимыз. Осы рухани жаңғырудың жүзеге асырылуын біз және сіз болып, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» бірлікте орындауымыз аса қажет. Бәсекеге қабілетті, әлемдік деңгейде танылған әрі дамыған рухани кемел ел болу – Елбасының асыл арманы. Ендеше, Мемлекет басшысының жастарға соны серпін, тың бастама ұсынуы келешекке қамданудың әрекеті деп түсінеміз.

Бүгінгі таңда Президенттік мансабымен қош айтысқанымен, еліміздің тағдыры үшін бей-жайлық танытпай, әрдайым белсенділік танытып отыратын Елбасының қажыр-қайратына таң қалмасқа болмайды. Ел негізін қалаған Елбасының игі істері барша қазақстандықтар тағдырына деген жауапкершіліктің сипаты екені анық.

**Айгерім БАҚТЫБАЙҚЫЗЫ,**
**Ө.Байқоңыров атындағы**
**Жезқазған университетінің түлегі**

САКРАЛДЫ ҚАЗАҚСТАН

# «ЖЕЗҚАЗҒАН-ҰЛЫТАУ АЙМАҒЫ ӘЛІ ДЕ ЗЕРТТЕУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ»

*(Соңы. Басы 1-бетте).*



Бұған дейін осындай жеке қарастыра зерттеген тақырып болмаған еді. Сол арқылы мен де Орталық Қазақстан жерінің тарихына тереңірек бойлай түстім. Ғылым жолында басқөз болып, тура жөн сілтеген тарих ғылымдарының кандидаты Арман Бейсенов пен тарих ғылымдарының докторы, профессор, академик Жәкен Таймағамбетов сынды ұстаздарыма айтар алғысым шексіз.

***– 2019 жылы Жезқазған-Ұлытау аймағына арнайы атбасын бұрып, мұндағы тарихи орындармен танысқан едіңіз. Осы іс жалғасын тапты ма?***

– Сол жолғы сапарымыз арқылы Ұлытау аймағындағы қола, темір, кейінгі орта ғасырлардағы ескерткіштер жайлы тың мағлұматтармен танысып, білімімізді толықтырдық. Сіздердің аймақтарыңызда қазақстандық тарихтың шоқтығы биік көне жәдігерлері саналатын Алаша хан, Жошы хан, Басқамыр, Аяққамыр, Домбауыл батыр сынды көне ескерткіштері бар. Осыған қарап-ақ Ұлытау өңірі кезіндегі саяси-экономикалық, идеологиялық аймақ болғанын байқаймыз. Бұл өңірді туристік нысанға айналдыру бастамасын Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев та көтерді. Соған сай зерттеу жұмыстары жүргізіле бермек. Ұлытау аймағының әлі де ашылмаған тарихы жетерлік деп ойлаймын.

***– Болашақта нақты қандай зерттеу жұмыстары жүргізілмек?***

– Бұған дейін сол өңірде өмір сүрген халықтардың дүниетанымы, мәдени-материалдық тұрмысы жан-жақты қарастырылған болатын. Ол әлі де жалғасын табуда. Алдағы уақытта Ұлытау аймағында жатқан тарихи тұлғалар сүйектеріне генетикалық талдау жүргізіп, олардың нақты кескін-келбетін, жасын анықтайтын боламыз. Осы мақсатта Назарбаев университеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Ұлттық музей ұжымы Жапониядағы ұлттық генетикалық орталық және Ирландиядағы бірқатар маңдайалды университеттермен бірлесе жұмыс істейтін болады. Бізге дейін зерттеу жүргізген ғалымдар мұнда жатқан мүрделерге біршама сипаттама берген, жасына да болжау жасаған. Дегенмен, дамыған озық технологиялар көмегімен нақты деректерге қол жеткізу тиімді екені талассыз. Біз де генетикалық сараптама жасайтын лабораториялар жоқ. Сол үшін шетелдік лабороториялар зерттеуіне кезекке тұрамыз. Осындай лабораторияларды өз елімізде де ашса деген тілегіміз бар.

***– Ұлытау өңіріндегі көне тарихпен жіті таныс кейбір ақсақалдар мен өлкетанушылар мұндағы орта ғасыр ескерткіштерге жасалып жатқан қайта қалпына келтіру жұмыстары бұл жәдігерлердің сыртқы және ішкі бейнесі түпнұсқасынан алыстап кеткеніне қарсылығын білдірді. Сіздің бұған көзқарасыңыз қандай?***

– «Біткен іске сыншы көп» демей ме?! Жергілікті тұрғындар арасынан кейбірінің қарсы пікір білдіруі қалыпты жағдай. Дегенмен, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жүзеге асып жатқан іс алдын ала жеті рет өлшеніп, бір рет кесілген шаруа екені сөзсіз. Туристер назарын аудару үшін оларға көрсетер жәдігерлер де эстетикалық талапқа сай болғаны жөн.

***– Қазіргі қазақ археологиясының беталысы көңіліңізден шыға ма?***

– Бізде білікті тарихшылар тапшы. Археолог мамандар жұмысы да жүйелілікті қажет етеді. Археолог болу – кез келген жерді барып, жөн-жосықсыз қаза беру емес. Біз нақты деректерге сүйене отырып жұмыс істейміз. Қазіргі қазақ археологиясына заман талабына сәйкес арнайы қосымша, яғни платформа қажет. Сол арқылы қай жерде қандай жәдігер жатқанын, олардың саны қанша екенін оңай бақылау мүмкіндігі туады. Осы мақсатта түрлі жобалар қолға алынуда. Қазіргі археология бұрынғыдай барлығын қазып зерттеуді емес, кішкентай бір жәдігер арқылы мол мағлұмат базасын қалыптастыруды мақсаты етіп отыр. Бұл дамыған елдердің археология ғылымы тәжірибесінде біраздан бері қалыптасқан. Бізде бірте-бірте осыған келе жатырмыз. Қазақ даласы әлем жұрты қызыға көз тастайтын адамзат үшін маңызды құнды деректерге бай. Дегенмен, біз оларды толық зерттеп бола алмай жатырмыз. Оның бір себебі – жел, жаңбыр сынды табиғат құбылыстарының әсерінен жәдігерлердің бастапқы қалпынан айрылып қалып жатқанымыз болса, екіншісі – антропогендік факторлар, яғни, адам қолымен жасалған факторлар. Кейбір құлқынның қамын күйттеген жандар тарихи орындарға арнайы техникаларымен барып, ол жердегі көне жәдігерлерді бас-көзсіз ақтарып, пайдалы, қымбат металл бұйымдарды қазып алып кетеді. Оны ашықтан-ашық саудалайтындары да жетерлік. Біз осылайша өз қамымызды ойлап, мыңдаған жылдық тарихымызды жоқ қылып жатырғанымызды ескермейміз. Осындай адамдарды көргенде ащы өкініш кернейді. Мұндай олқылықты болдырмау үшін заңды органдар тарапынан қадағалау күшейтілсе дұрыс болар еді.

***– Сүбелі сұхбатыңызға рақмет. Ісіңіз жемісті болсын!***

**Сұхбаттасқан**
**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

# ҚАЛА ҚОҚЫС АЛАҢЫНА АЙНАЛМАСЫН ДЕСЕК...

***Жаз келсе құрылыс материалдары мен ескі мүлікке толатын қоқыс алаңдарын тазартуды Жезқазған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі «Усабеков» ЖК-ге тапсырған.***

Бүгінде күніне бес жүк көлік қоқысты полигонға апаратын мердігер компанияның директоры Қайырбек Усабековпен тілдесудің реті келді. Арнайы 6 техникасы мен 9 жұмыскері бар мердігер үлкен көлемді қоқыс шығарумен бес жылдан бері айналысып келеді. Бұған дейін қалалық кәсіпорындармен келісім-шарт арқылы жұмыс жасаған кәсіпкер:

– Бізде қысы-жазы қызу тірлік. Өйткені, тұрғындар қарға да, жаңбырға да қарамай үйін жөндейді, жаңа жиһаз сатып алады. Керексіз қалғанын тұрмыстық қалдық шығаруға арналған алаңға апарып тастайды. Бейберекет лақтырылған унитаздан бастап диванға дейін жинап жүрсек те, алғыс алатын кездеріміз аз. Аланды енді тазартып кеттік дегенде тағы бір тұрғын қап-қап қоқысын әкеп тастайды. Оны суретке түсіргіштер, желіге салып «қоқыстан көз ашпадық» деп шулайды, – деген Қайырбек Усабеков қаланың 6 шағын ауданы мен Анарқұлов, «Шаруа», «Мерей» базарлары орналасқан Сейфуллин мен Ғарышкерлер, Шевченко 32, Тимирязев, 1 мекенжайларында заңсыз қоқыс алаңдары көбін жасырмады.

– Үлкен көлемді қоқысты білместіктен шығарды деп тұрғындарды ақтап алу қиын. Қазір азаматтардың көзі ашық, көкірегі ояу. Бұл заңсыздық екені, оған айыппұл барын да жақсы түсінеді. Сондықтан, көлемді қоқыстарын ел шырт ұйқыда жатқанда шығаруды әдетке айналдырды. Кеш қарая қаланы түгел айналып, соңғы қоқысты алып кеткенімізге қарамастан, жұмысқа шыққан таңғы 6-7-лерде қоқыс үйіліп қалады, – деген мердігер қоқыс шығарудан нәпақа тауып отырса да тұрғындардың мәдениеті жоғарыласа деген жалғыз тілегі бар.

– Осы жерде туып, өстік. Ұрпақ өрбіттік. Туған жердің ауасы да, суы да ортақ болғасын көшелеріміз қоқыс алаңына айналмаса дейміз . Өкінішке қарай, жерлестерімнің біразы қазір еңбекті бағаламайды. Қоршаған ортаға деген жанашырлық сезімінен де жұрдай. Олар жиналған жер емес, шашылмаған жер таза деген қағиданы ұмытқалы қашан?!,– деп ашынған Қайырбек Усабеков тұрғындар үйіндегі габаритті қоқысын **8 777 485 27 92, 8 707 500 10 69** нөміріне хабарласу арқылы шығара алатынын айтты.

Тұрғындарда қоқыс шығарудың тәртібі қалыптаспайынша қаланың тазалығы сақталмайтыны анық. Дей тұрғанмен, жауапты мекеме қалалық тұрғын-үй шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі қоқыс алаңдары мен контейнерлердің санын көбейту арқылы ушыққан мәселенің бетін бері қаратпақшы. Олар өткен жылы 300 контейнерді жаңартса, биыл тағы 50 қоқыс жәшігін орнатпақ. Сонымен бірге 100 жаңа контейнер сатып алуға және 30 алаңға бетон қоршау орнатуға бюджеттік өтінім берген.

Жалпы Жезқазған қаласы бойынша қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған 825 контейнерлі 189 алаң бар. Қала басшылығы 2023 жылы іске қосылатын қоқыс өңдейтін «KazGreenEnergy» биоэлектр стансасы Жезқазғанды қоқыстан біржола арылтатынына сенім артады.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

***Қарағанды облысының өңірлік коммуникациялар қызметінде «Ұлттық санақ – 2021» тақырыбындағы брифинг өтті. Кездесуде ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысы Ж.К. Садыкова санаққа дайындық, оны өткізу мерзімдері мен тәртібі туралы айтты.***

# КҮЗДЕ – ХАЛЫҚ САНАҒЫ



Санақты дайындық және негізгі деп аталған екі кезеңмен өткізу жоспарланған. Тұрғын және тұрғын емес үй-жайлар мен құрылыстардың тізімдерін, сондай-ақ ондағы тұрғындардың нақты санын құруға дайындық кезеңі 2021 жылдың 1-30 маусым аралығында өтсе, негізгі кезең ағымдағы жылдың 1 қыркүйегі мен 30 қазан аралығын қамтиды. Алғашқы кезеңде мекенжай деректері тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың тізімдерінде және әр елді-мекен үшін картографиялық материалдарда нақтыланатын болады. Дайындық кезеңінің нәтижелері бойынша қалалар мен аудандардың аумағы халық санағының негізгі кезеңіне нұсқаушылар мен тізімдеу аймақтарына бөлінеді.

Халықтың деректерін жинау үрдісі екі жолмен жүзеге асырылатын болады: интернет-сұхбат және сұхбат кезінде интервьюерлердің планшеттерді қолдана отырып үй шаруашылықтарын аралау.

1 қыркүйек пен 15 қазан аралығында ел тұрғындары санақ жүргізудің мамандарылған sanaq.gov.kz. сайтында онлайн тәртібінде өздері мен отбасы мүшелері үшін санақ парақтарын өз бетінше толтыра алады. Жүйе тәулік бойы жұмыс істейтін болады, бұл респондентке санаққа қатысуға қолайлы уақытты таңдауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, сайтта нысанды толтыруды тоқтатып, кейінірек жалғастыра алатын мүмкін болады.

Интервьюерлердің үй шаруашылығына үздіксіз сауалнамасы 1 қазаннан бастап онлайн тәртібінде санақты аяқтамаған респонденттер арасында санақ парақтарын тікелей планшеттік құрылғыларға толтырумен басталады. Интернет сауалнама өткен респонденттер интервьюердің сауалнамасын өтпейді. Халықпен сұхбаттасу кезінде респонденттің ЖСН ақпараттың қайталану мүмкіндігін жоққа шығару үшін респонденттің сәйкестендіру ретінде қолданылады.

Санақ кезінде тұтас республика бойынша «1446» қысқа нөмері бар бірыңғай байланыс орталығы жұмыс істейді. 8 8000 800 878 нөмеріне де хабарласуға болады.

Ұлттық санақ жүргізген кезде интервьюердің тегі, аты, әкесінің аты, берілген күні және оның қолдану мерзімі, сондай-ақ статистика департаментінің қолы мен мөрі көрсетілген, фотосуреті бар интервьюердің куәлігі болуы керек.Сонымен бірге оларға санақ белгілері бар көк портфель, сондай-ақ, негізгі кезеңде халық санағының нышандары бар көк шарф ұсынылған.

Жалпы Қарағанды облысы бойынша халық санағына дайындық және өткізу үшін 2600-ге жуық адам тартылатын болады, бұл штаттан тыс санақ бөлімінің мамандары, өңірлерде нұсқаушылар (санақ бойынша уәкілеттік берілген), нұсқаушы-бақылаушылар, интервьюерлер.

Облыс аймағында 4 мамырдан бастап 30 қарашаға дейін ұлттық халық санағына дайындық және өткізу бойынша 73 нұсқаушы тартылады. Дайындық кезеңіне 1,5 айға (25 мамырдан 8 шілдеге дейін) шамамен 80 нұсқаушы-бақылаушы және 1 айға (1-30 маусым) 570-ке жуық интервьюерлер қабылданады. Негізгі кезеңге шамамен 240 нұсқаушы-бақылаушыларды 1,5 айға (24 қыркүйектен 7 қарашаға дейін) және 1 айға (1-30 қазан) 1700 интервьюерлерді қабылдану жоспарланады.

Дайындық кезеңінде көрсетілген қызметтердің толық көлемі кезінде интервьюерлердің жұмысына ақы төлеу 1200 тұрғын үйдің және тұрғын емес үй-жайлардың орташа жүктемесі кезінде 83 мың теңгені құрайтын болады.

Негізгі кезеңде интервьюер үй шаруашылығындағы санақтан өткізілген 833 адамның орташа жүктемесі кезінде шамамен 104 мың теңге алады. Санақтың екі кезеңінде нұсқаушы-бақылаушылар барлық жұмыс кезеңі үшін шамамен 125 мың теңге төлей отырып, 45 күнге тартылатын болады.

Уақытша жұмысқа Қазақстан азаматтары тартылады, олар келесі талаптарға сай болуы керек: 18 жастан асқан, бастамашыл, жауапты, коммуникативті, жұмыс тәжірибесі мен кәсіптік білімге қойылатын ешқандай талаптар жоқ, компьютерде жұмыс істейтін адамдар.

2021 жылы Ұлттық халық санағы туралы барлық ақпарат sanaq.gov.kz мамандандырылған сайтында www.stat.gov.kz , ресми сайтында, сондай-ақ YouTube, Facebook, Instagram әлеуметтік желілерінде жарияланады.

Естеріңізге сала кетсек, әр он жыл сайын өткізілетін ұлттық халық санақ биыл **«Қазақстанда әркім маңызды!»** ұранымен қазанның соңына дейін өтеді.

**Өз тілшіміз**

COVID-19

# ВИРУС ӘЛІ ДЕ АРАМЫЗДА

***Қазіргі таңда Қарағанды облысы бойынша эпидемиологиялық ахуал тұрақтағанымен әлі де тәулігіне індет жұқтырған 100-ден аса науқас тіркелуде. Елімізде вакцина салу науқаны қарқынды түрде жүріп жатқаны рас. Дегенмен, бұл арқамызды кеңге салып, ауру қаупін ұмытуға, алдын алу шараларын ескермеуге себеп болмауы тиіс. Вакцинаның II компонентін алғаннан кейін 4-6 апта аралығында ғана ауруға төтеп бере алатын иммунитет қалыптасады. Демек, біз маскалық режимді сақтауымыз керек. COVID-19 коронавирус жұқпасы – бұл бұрын адамдарда анықталмаған жаңа коронавирустан туындаған жұқпалы ауру екенін білеміз.***

Аталған вирустың әсері жөтел, қызу көтерілу, күрделі жағдайларда өкпе қабынуы секілді белгілерімен респираторлық тұмау ауруларының дамуына әкеледі. Коронавирус адамның өкпе жолдарын зақымдайды. Аурудың алғашқы белгілері дене қызуының көтерілуі, тамақ ауруы, жөтелу, тыныс алудың қиындауынан басталады.

Ғалымдардың зерттеуі бойынша аурудың белгілері шамамен 5 күннен кейін біліне бастайды. Кей адамдарда бұл кезең одан ұзақ болуы да кездеседі. COVID-19-да инкубациялық кезең 14 күнге дейін жалғасады. Өзге де дәрігерлердің анықтамасы бойынша бұл кезең 24 күнге дейін созылуы мүмкін.

Коронавирус тыныс алу жүйесінің ең негізгі органы өкпені зақымдайды. Коронавирустық пневмония асқорыту жүйесіне де кері әсерін тигізу мүмкін. Жалпы аталған вирус адам организмнің осал тұсына шабуыл жасайды. Оның тағы бір зияны – сезу мүшелеріне қауіп төндіруі. Коронавируспен ауырған адамдардың дәм сезу мен иіс сезуден айырылатыны осыдан. Пневмония көбінесе қарт кісілердің ағзасына, созылмалы қосалқы аурулары бар, қант диабеті, жүрек-қантамырлары аурулары, инсульт алған, семіздігі бар адамдардың ағзасына құмар келеді. Себебі, оларда иммунитет әлсіз болады. Өкпе қабынған кезде, яғни пневмония болғанда өкпе ұлпасы өзгеріске ұшырайды. Қалыпты жағдайда ол үлпілдек болып тұрып, ауаны еркін қабылдап, бүкіл ағзаға оттегіні жіберіп тұрса, пневмонияда өкпе ұлпасы солып қалғандай болады. Ол өздігінен ауаны терең қабылдай алмайды, соның әсерінен ағзаны оттегімен нәрлендірмейді. Аурудың асқынуы осы кезде болады. Мұндайда дәрігерлер өкпені жасанды желдету аппаратына қосып, өкпеге жасанды жолмен ауа жібереді. Аппарат болмаса, науқасқа ауа жетпей өліп кету жағдайы орын алады.

Кім болса да жақынынан айрылғысы келмесі анық. Ол үшін сақтануды жеке басымыздан бастауымыз керек. Әрдайым маскалық режимді сақтап, әлеуметті арақашықтық ережесін ұмытпай жүруіміз керек. Бұл – өзімізді және жақындарымызды жұқпалы індеттен арашалаудың жалғыз амалы.

**Мадина ТӘЖІБАЕВА,**
**«Әбілдинова» отбасылық-дәрігерлік амбулаториясының мейірбикесі**

# ЕГЕМЕНДІК НЫШАНЫ

## Рәміздер күні аталып өтті

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Туымыздың авторы – Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Шәкен Ниязбеков, ал Елтаңба бейнесін белгілі сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов жасап шығарған. Алғашқы Әнұранымыздың мәтіні де 1994 жылдың 11 желтоқсанында бекітілген болатын. Кейіннен өзгертілген нұсқасы 2006 жылы 6 қаңтарда қайта қабылданды. Ал, Әнұран әнінің авторы – Шәмші Қалдаяқов, сөзін жазғандар – Жұмекен Нәжімеденов пен Нұрсұлтан Назарбаев.

2007 жылдан бастап 4 маусым – Мемлекеттік Рәміздер күні ретінде атап өтіліп келеді. Әрбір қазақстандық үшін маңызды мәнге ие аталмыш мерекені мысты шаһар жұртшылығы да айрықша жауапкершілікпен қарсы алып, ерекше кейіпте мерекеледі.

4 маусым күні Жезқазған қалалық жастар ресурстық орталығы және «Ұлытау қыздары» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен тұрғындарға Мемлекеттік Рәміздер туралы сұрақтар қойылып, естелік сыйлықтар табысталды.

Айтулы күні ауа райының қолайсыздығына қарамастан мемлекеттік мекеме қызметшілері мен жастар, қала белсенділері Алаш алаңына жиналды. Аталған шараға қала әкімі Қайрат Әбсаттаров та қатысты. Қолдарына еліміздің Көк Байрағын ұстаған бір топ жиылған қауым сол жақ кеуде тұсына қолдарын қойып, Қазақстан Республикасының Әнұранын бірге шырқады.

Аталған шара одан әрі Көк Туымызды желбіреткен автошерумен жалғасты. Қала көшелерін аралап, ұлттық рухқа үн қосқан автошеру тұрғындарға патриоттық сезім сыйлап, мереке мазмұнын байытты. Автошеруге 30-ға жуық көлік қатысты. Аталған шараға алғашқылардың бірі болып қолдау көрсеткен азаматтардың бірі – «Фаэтон» такси желісінің басшысы Нұрсұлтан Шамшиев.

– «Фаэтон» такси желісі Жезқазған нарығында 6 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Бүгінде жеке және жалдамалы көліктерді қосқанда күніне 150-200-ге жуық такси көлігі тұрғындарға қызмет етеді. Өзге такси желілерімен салыстырғанда мол сұранысқа ие екенімізді мақтанышпен айта аламын. Өз тұтынушыларымыз бар. Бүгінгі Мемлекеттік Рәміздер күніне арналған автошеруге 20 «Фаэтон» такси желісінің көлік жүргізушілері көліктерімен шықты. Біз өз Отанымызды, туған жерімізді, жезді қаланы жақсы көреміз. Барынша Отансүйгіш болуға талпынамыз. Біздің такси желісінде мемлекеттік тілімізде сауатты қызмет көрсетіледі, – Нұрсұлтан Шамшиев барша қазақстандықтарды мерекемен құттықтап, әрқашан рәміздерімізді құрметтеп, ұлттық құндылықтарымызға берік болуға шақырды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІКТЕ

# ӘКІМДІК ОТЫРЫСЫ

***Жезқазған қаласы әкімдігінің отырысы өтті. Қала әкімі Қайрат Әбсаттаров төрағалық еткен отырыстың күн тәртібінде жер қатынастары бөлімінің 36 мәселесі қаралды.***



Мінберге шыққан Жезқазған қаласы жер қатынастары бөлімінің басшысы Марғұлан Сейдахметов бағбаншылық жүргізуге жер телімін беру, жеке тұрғын үй құрылысы үшін берілген жерлердің мерзімін ұзарту, көлікжайға арналған жер телімдерін заңдастыру, Жезқазған қаласы мен Малшыбай селосында үй құрылысы үшін жер телімін беру, сондай-ақ, коммерциялық мақсаттағы жер телімінің құқығын заңдастыру жобаларын ұсынды.

Әкімдік отырысына шығарылған мәселелерді толық қараған соң қала басшысы жеке тұрғын үй құрылысы мақсатында берілетін жерлерге инженерлік желілер тартылған болуы тиіс деген талап қойды.

# МЕРДІГЕРЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАР ТАЛАП КҮШЕЙДІ

***Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров мердігерлермен кездесіп, жүріп жатқан жөндеу және құрылыс жұмыстарының барысымен танысты.***




Алғаш болып қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің тапсырысы аясында жолдарды жөндеп, жасыл желектерді суарып, қоғамдық орындарды күтіп ұстауға міндеттелгендер тыңдалды.

Қалаішілік жолдардың ағымдағы жөндеуіне 60,0 млн теңге бөлініп, конкурстың нәтижесінде «Райс kz», «АрмСтрой» ЖШС мердігер ретінде танылды. 16 000 шаршы метр асфальтбетон жабынын қалыпқа келтірдік деп есеп берген мердігер компанияның өкілі Лидия Булатоваға жылу электр орталығы мен Қарағанды бағытындағы тас жолдың шұңқырларын созбаққа салмай жамау ескертілді. Облыстық бюджет есебінен бөлінген қаржыға Анарқұлов пен Шевченко көшесін орташа жөндеуден өткізуге тиіс «МК Групп» ЖШС жұмысы әкімнің көңілінен шықпады.

– Қала көшелерінің жөндеуі тұрғындарға ыңғайсыздық тудырмауы тиіс. Бұл – бірінші талап. Екіншісі, жөндеуден кейін көше жаңа кейіпке енуі қажет. Әзірше осы екі талап орындалмады. Жұмысты ширатып, жұмыскерлердің санын көбейту қажет. Таңның атысынан, кештің батысына дейін бір емес екі бригада жұмыс жасасын. Сапаға да баса назар аударыңыздар. Олпы-солпы төселген жаяу жүргіншілер жолын, бір-бірімен сәйкеспейтін жол жиектерін, бүкір асфальтты комиссия қабылдайды деп ойламаңыздар. Қателік жіберсеңіздер, оны қайта дұрыстауға дайын болыңыздар, – деп қатаң ескерту жасаған әкімді мердігер Шевченко мен Анарқұлов көшесіндегі жөндеу шілденің басында толық аяқталады деп сендірді.

Қаладағы жол белгілерін күтіп-ұстауға бөлінген қаржының мақсатты жұмсалғанын іспен дәлелдеген «Жезторг» мекемесінің өкілі Жезқазғандағы 2394 белгінің 200-ін тазалап, сырлап, түзеткенін жеткізді. Ал қоғамдық орындар мен саябақтардың тазалығы мен абаттандырылуын өз мойнына алған «Атамекен» загип жандардың қоры» ҚБ өкілі Дәурен Байдрахманов пен «Даму-Ниет – 2016» ҚБ басшысы Әсет Әбіловтің жұмысы сынның астында қалды. Көтере алмайтын шоқпарды беліне байлаған осы екі мердігер жөндеу жұмыстары түгілі желектерді суару мен қоқыстан тазалауды да тиісті деңгейде ұйымдастыра алмай отыр. Аз-кем уақыттың ішінде жұмыстың оң нәтижесі болмаса, арадағы келісім-шарт бұзылады деген қала басшысы қала көшелерін жуып-тазалауға, сондай-ақ қала шырайын келтіретін гүлзарлар мен жасыл шөп егетін жауапты мекеме басшыларына да бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Қарағанды облысының қазынасынан бөлінген 500 млн теңгеге 50 балалар ойын алаңын салу жоспарланғанын бұған дейін де айтқан едік. Бүгін аталған жобаны іске асыратын мердігер анықталыпты. «Облыстан берілген қаржы қомақты. Болашақ алаңдардың сапасы мен сыртқы келбеті астананікінен кем болмайды деп сенемін» деген әкім талабын Нұр-Сұлтан қаласынан келген мердігер компания өкілі қабылдады.

Мердігерлердің жұмысының есебін әр апта сайын тыңдауды дәстүрге айналдырған Қайрат Әбсаттаров қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Мәруа Келмағанбетова бастап келген мердігерлермен жүздесті.



Қазіргі таңда Жезқазған қаласында жоғарыда аталған мемлекеттік мекеменің тапсырысы шеңберінде ауыз су желілері салынып, тұрғын үйлер бой көтеруде, сонымен бірге жеке тұрғын-үй құрылысын жүргізу үшін инженерлік желілер тартылуда. Мемлекеттік бағдарламалардың қолдауымен жүзеге асып жатқан ауқымды жобаларға жекелей тоқталған Мәруа Көңілбайқызы:

– Қала тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында жалпы ұзындығы 218,7 км болатын 1,2,3 кезектегі қалаішілік сумен жабдықтау желілерін қайта құру жалғасуда, оның ішінде магистральдық желілер – 15,1 км, ішкі желілер – 203,6 км. Жобалар басталғаннан бері 140,9 км сумен жабдықтау желісі қайта жаңартылды. Соның нәтижесінде бүгін Пристационный, Аварийный елді-мекендері және 5-ші ауданның 7 көшесі қаланың орталықтандырылған сумен жабдықтау желілеріне қосылды. Биыл қала ішіндегі 4, 5, 6, 61-66 шағын аудандарды, Геологиялық кентін және т.б. қосу жоспарлануда. Жоба 2022 жылы толық аяқталады. 2021 жылы жобаларды жалғастыруға 2 млрд 440 млн теңге қаражат бөлінді. .Осы қаражат есебінен 33,2 км сумен жабдықтау желілері қайта жаңартылады, – деп баяндама жасаған қаланың бас құрылысшы 2020 жылы 630 млн теңгеге жеке тұрғын үйлерге кәріз және байланыс желісінің құрылысы басталғанын жеткізді. Биыл бұл мақсатқа тағы облыстан 168 млн теңге қарастырылып, жалпы ұзындығы 17,9 км болатын байланыс желісі тартылады. Желілер тартылып болған соң 501 жер телімі кезекте тұрған азаматтарға үлестіріледі. 2021 жылдың жоспарында жалпы ауданы 11,5 мың шаршы метр болатын 3 көпқабатты үйді пайдалануға беру көзделген. Бұл пәтерлер әкімдіктің тұрғын үй кезегінде тұрған 166 отбасыға жалдау және несие шарттарымен беріледі.

Құрылыс жұмыстарының қарқыны мен сапасы ұдайы назарда екенін еске салған қала әкімі ауыз су құбырларын тартып жатқан мердігерлер «Мелиоратор», «НС Сервис» ЖШС басшылығынан, сондай-ақ авторлық және техникалық бақылау органдары мамандарынан жүйелі жұмыс пен сапаны талап етті. Кездесу барысында Жезқазғанның батыс ауданында бой көтеріп жатқан тұрғын үйлерді сумен қамтуда проблема бары айтылды. Нақтылап айтқанда, жаңа үйлердің жоғары қабаттарына ауыз судың көтерілу деңгейі төмен. Құрылысты жоспарлау кезінде аталған мәселе ескерілмесе керек. Осы ретте Қайрат Әбсаттаров құрылыс бөлімінің басшысы Мәруа Келмағанбетоваға қысқа мерзім ішінде сұрақтың оң шешімін табуды қадап тапсырды.

***Президенттің Қазақстан халқына арнаған әрбір Жолдауында кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді. 2020 жылғы 1 қыркүйектегі өткен «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауы да бұдан тыс қалмады.***



# КӘСІПКЕРЛЕР НАҚТЫ ҚОЛДАУҒА ИЕ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пандемия жағдайында ғана емес, сонымен бірге болашаққа бағытталған бизнесті қолдау туралы да айтты: «Шағын және орта бизнес пандемияның негізгі соққысын өз мойнына алып, қиын кезеңдерді бастан кешуде. Теріс экономикалық салдарларды еңсеру үшін 700 мыңнан астам кәсіпкерге салық жеңілдіктері берілді. Төлемдер кейінге қалдырылды, кредиттерді жеңілдікті шарттармен қайта қаржыландыру мүмкіндігі берілді. Алайда жағдай әлі де күрделі», – деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Пандемияның ауырлығына қарамастан Жезқазған қаласының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері тұрақты түрде дамуда. 2020 жылмен салыстырғанда даму серпіні оң.

Мәселен, 4 айдың қорытындысы бойынша өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі 305 млрд.788 млн. теңгені немесе өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 159,4% - ды құрады (191 млрд. 815 млн. теңге).

Негізгі капиталға 18 млрд.923 млн. теңге инвестиция салынды немесе өткен жылдың сәйкес кезеңіне 270,2% (7 млрд. 4 млн. теңге).

Бөлшек сауда тауар айналымы 13 млрд.179,5 млн. теңгені немесе өткен жылдың сәйкес кезеңіне 105,3% (12 млрд. 513 млн. теңге) құрады.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 570,7 млн. теңгені құрады немесе өткен жылдың сәйкес кезеңіне 137,1% (416,3 млн. теңге).

Мемлекеттік қолдау шараларын пайдалануда қала кәсіпкерлерінің белсенділігі жалғасуда.

Жыл басынан бері «Бизнестің жол картасы – 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында жалпы құны 794,1 млн. теңгені құрайтын 100 жобаға қолдау көрсетілді

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы бойынша ауылдық округтердің 2 кәсіпкері жалпы сомасы 8 млн. теңгеге микрокредиттер алды. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда.

Халық арасында мемлекеттік бағдарламаларды ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында, ағымдағы жылдың басынан бастап ZOOM – конференция құралы арқылы «Агрокредит корпорациясы» АҚ қатысуымен семинар-кеңес өткізілді. Іс-шарамен қаланың 50 кәсіпкері қамтылды.

Қаланың индустриалды-инновациялық дамуы аясында 2011 жылдан бастап 652 жұмыс орнын құрумен жалпы инвестиция көлемі 6,8 млрд. теңге болатын 9 жоба іске қосылды.

Сондай-ақ, қалада инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда:

Өнеркәсіп саласында инвестиция көлемі 9,4 млрд. теңгені құрайтын 2 жоба іске асырылуда:

– «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС- нің «Қара мыс концентраттарын гидрометаллургиялық өңдеу тәжірибелік зауытының құрылысы», құны – 8,2 млрд. теңге.

– «Қазхимсинтез» ЖШС-нің «Өнеркәсіптік реагент шығаратын химиялық зауыт құрылысы», құны – 1,2 млрд.теңге.

Екі жобаны да 2021 жылы іске қосу жоспарланып отыр.

Ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібінде 2 жобаны іске асыру жоспарлануда:

– «Ахтямов» Ш/Қ «Құс етін өндіру» жобасы, құны – 226 млн. теңге, іске асыру кезеңі – 2020-2021 жылдар. Кәсіпорын іске қосылғаннан кейін жылына 1000 тонна құс етін өндіру жоспарлануда, бұл қаланы толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, инвестиция көлемі 400 млн. теңгені құрайтын, ағымдағы жылы іске қосу мерзімімен «Самади – 2030» ЖШС ұн тарту кешенінің қызметін қалпына келтіру жоспарлануда.

Өндіріс іске қосылғаннан кейін Жезқазған қаласы халқының ұнға деген барлық қажеттілігі жабылады, 30 жаңа жұмыс орны құрылады.

Сондай-ақ, ағымдағы жылы «Исина А.Б.» ЖК гипермаркетін ашу жоспарлануда, жобаның құны – 950 млн. теңге. 50 жаңа жұмыс орны ашылады.

**Фархад НҰРДӘУЛЕТОВ,**
**Жезқазған қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы**

# САПА ТАЛАП ЕТІЛДІ

***Қоғамдық кеңес төрағасы Сағындық Қожамсейітовтің төрағалығымен мониторингтік топтың кезекті отырысы өтті. Онда қалаға тартылып жатқан жаңа ауыз су құбыры желісінің құрылысы жайында сөз қозғалды.***



Бүгінде қоғам белсенділерінен құралған мониторингтік топ мердігерлерге атқарылған жұмыстың санынан гөрі сапасы маңызды екенін ұғындырғандай. Жұмыстың барысында жіберілген олқылықтардың орнын толтырып, ескертулерге құлақ асатын құрылыс компанияларының көрсеткен қызметтері туралы толығырақ қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Мәруа Келмағанбетова баяндап берді. Ол өз сөзінде өңірлерді дамыту бағдарламасы аясында құрылысы жүріп жатқан ауыз су құбырының I кезегіне тоқталды.

– I кезек бойынша 2021 жылға 1,5 млрд теңге, оның 800 млн теңгесі республикадан, 684 миллионы облыстан бөлінді. Қайта құру учаскелері: жаңа солтүстік су құбыры (5,1 км), ескі солтүстік су құбыры (1,2 км), оңтүстік су құбыры (850 м). Учаскелерді асфальттау – 10 мың ш.м., қайта құру жоспары – 6 км. Жоба 2022 жылға өтпелі. Есепті күнге «Ұлытау нан» наубайханасы жанында, Пушкин, Аманжолов, Байқоңыров көшелерінің Холмецкий көшесімен қиылысында 508,2 м магистральді құбыр салынды, оның ішінде диаметрі 700 мм – 155 м, 800 мм – 234 м, көлденең бағытта бұрғылау әдісімен – 119,2 м.

Қазіргі таңда оңтүстік құбырда (Холмецкий көшесінде) К-6, К-13, К-17 камераларды құммен қайта толтыру және тығыздау, №6,7 камералардың жабын плиталарын монтаждау жұмыстары жүріп жатса, жаңа солтүстік құбырда (Алашахан көшесінде) траншеяның орнын экскаватормен қазу және тегістеу (орындалғаны – 1640 м³), топырақты шығару, құм тасу, траншеяның түбін тереңдету, траншея түпкі қабатына 100 мм қалыңдықта құм төсеу, диаметрі 800 мм магистральді құбырларды монтаждау жұмыстары жасалуда, – деген Мәруа Көңілбайқызы құрылыс жұмыстары техникалық бақылау өкілдерінің жіті қадағалауында екенін жеткізді. Мердігер «Мелиоратор» компаниясының учаске бастығы Қайырбек Тайшыбеков пен техникалық бақылаушы Ержан Мырзабековті орнынан тұрғызған қоғамдық кеңестің төрағасы халық игілігі үшін тартылып жатқан құбырдың құрылысы іркіліссіз, ешбір ақаусыз жүруі тиіс деген талап қойса, мониторинг тобының мүшесі Дархан Мұхан желілерді тарту, қабылдау жұмысына қаланың коммуналдық кәсіпорындары түгел қатысса деген ұсыныс білдірді.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# ЖҰЛДЫЗЫ ЖАРҚЫРАҒАН

***Дарынды да талапты жастарды ел назарына ұсынып, жетістіктерін жария ететін еліміздегі маңдайалды жобалардың бірі – «100 жаңа есім».***



Білім, ғылым, мәдениет, спорт, бизнес және қоғамның түрлі салаларында көш бастаған азаматтар еңбегін дәріптеуден, оларға қолдау танытудан танбаған бұл жоба Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен 2017 жылы қолға алынған болатын. Содан күні бүгінге дейін жалғасын тауып келеді. 2017-2020 жылдар аралығында жобаға жалпы 5000 қазақстандық қатысса, биыл 3000 үміткер өзара бақ сынасты. Солардың ішінен 30-ның бақ жұлдызы жарқырап, жеңімпаз атанды.

Үздік отыздықпен марапаттау кешінде жүздескен Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев олардың әрқайсысының табысқа жету жолындағы еңбегі, ізденістерімен танысып, пікір алмасты. 30 жеңімпаздың қатарынан қарағандылық актриса Дина Заитова да орын алды.

Жастайынан ән, биге жақын болған Дина болашақ мамандығын өнер саласымен байланыстыруды жөн санайды. Осылайша актриса мамандығын тәмамдаған ол шахтерлар қаласының өнерсүйер көрерімендерін тәнті етуден жалықпай келеді. Оның бүгінге дейін жеткен жетістіктері аз емес. Дина 2011 жылы А.П.Чеховтың «Шағала» комедиясындағы Нина Заречная рөлі үшін Қарағанды облысының мәдениет басқармасы тағайындаған арнайы сыйлық пен «Жыл актрисасы» номинациясын жеңіп алды.

2012 жылы Қарағанды қаласында өткен «Театр балалар әлемінде» атты аймақтық фестивальда «Әйел рөлін үздік сомдағаны үшін» номинациясын қанжығасына байлады, ал, 2015 жылы облыс әкімінің «Жыл актрисасы» номинациясын иеленді.

Актриса қыз Атырау қаласында өткен ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, жазушы-драматург Р.Отарбаев атындағы III республикалық театрлар фестивалінде «Фариза мен Мұқағали» қойылымында өз шеберлігін көрсетіп, «Үздік актриса» атағын жеңіп алды.

Айналасын қарапайымдылығымен баурап, өнерімен тәнті етіп жүретін Дина Заитова қазақ өнерін одан әрі дамытуды басты мақсаты санайды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

# «ЕҢБЕК» – ЕЛ ИГІЛІГІ ҮШІН

***Халықты жұмыспен қамту және олардың әл-ауқатын арттыру қашаннан бері мемлекеттік саясаттың негізгі бағыты екені белгілі. Жұмыссыздықпен күрес жолында үкіметтен қыруар қаржы бөлініп, тұрақты жұмыс орындарын ашуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар қабылдануда. Сол көп қолдаулардың бірі ретінде нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын атап өтуге болады.***

Аталған бағдарлама аясында жылдың басынан бастап Жезқазған қаласында халықты өнімді жұмыс орындарымен қамтамасыз ету, адамдардың әл-ауқатын жақсарту, өнімсіз еңбекпен қамтылған жұмыссыз тұлғалардың санын азайту мақсатында халықты жұмыспен қамту орталығымен нақты жұмыстар атқарылуда.

Бағдарлама **үш бағыт** бойынша жүзеге асырылады:

Бағдарламаның **«Бағдарламаға қатысушыларды техникалық және кәсіптік біліммен және қысқа мерзімді кәсіптік оқытумен қамтамасыз ету»** бірінші бағыты бойынша.

2021 жылға жұмыссыздарды оқыту жоспары – 38 адамды құрайды. Ағымдағы жылдың 5 айының қорытындысы бойынша – 39 адам қысқа мерзімді оқыту курстарына келесі мамандықтар бойынша : шаштараз – 10, слесарь-электрик – 5, газбен дәнекерлеуші – 9, «В» санаты бойынша жүргізуші – 3, 1С бухгалтерия– 12 адам жолданған. Орындалуы – 103 %.

Бағдарламаның **«Жаппай кәсіпкерлікті дамыту»** екінші бағыты бойынша.

Ағымдағы жылы барлығы 200 АЕК мөлшерінде 130 грант беру жоспарланған.

Бүгінгі таңда 32 670,0 мың теңге сомасына 56 грант берілді. Қалған гранттар Бастау бизнес курстары аяқталғаннан кейін кезең–кезеңімен берілетін болады. Қазіргі уақытта Бастау бизнес бағдарламасы бойынша 2 ағын (21 адам) оқыту басталды.

АШҚҚҚ-дан (Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры) 20 млн теңге сомасына 5 адам шағын несие алды.

Бағдарламаның **«Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының ұтқырлығы арқылы еңбек нарығын дамыту»** үшінші бағыты бойынша

2021 жылға жұмысқа орналастыру жоспары 2486 адамды құрайды.

Жыл басынан еңбек делдалдығы үшін өтініш берген азаматтар саны – 1634 адам. 01.06.2021 ж. жағдай бойынша тұрақты жұмыс орындарына 1 245 адам жұмысқа орналастырылды .

– әлеуметтік жұмыс орындары жұмысқа орналастырылды – 68 адам (жоспар: ЖБ – 35 адам, РБ – 50 адам);

– қоғамдық жұмыстарға – 311 адам жіберілді (жоспар 655).

Сондай-ақ, субсидияланатын жұмыс орындарының бірі жастар практикасы болып табылады, 01.06.2021 ж. жағдай бойынша 19 адам жіберілді (жоспар 60).

Ағымдағы жылы «Алғашқы жұмыс орны» жобасына 10 адамды жұмыспен қамту жоспарланған. Жоба бойынша жұмыс беруші жұмыспен қамту орталығымен келісім негізінде «Еңбек» бағдарламасына қатысушыны 24 айға тұрақты жұмыспен қамтамасыз етеді, алғашқы бір жылының жалақысы жұмыспен қамту орталығымен қаржыландырады.

«Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы аясында жыл басынан 63 мүгедек азамат жұмыспен қамтылды. Оның 28–і тұрақты жұмыспен қамтылды, қоғамдық жұмыс орындарына – 34 адам, әлеуметтік жұмыс орындарына – 1 адам жолданды. Қысқа мерзімді оқытумен 1 адам қамтылды.

Мүгедектерді квотамен жұмыспен қамту жоспары – 11 адамды құрайды. Бүгінгі күні 4 адам квота арқылы жұмыспен қамтылды.

Мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалар шеңберінде 2021 жылға 2 017 жұмыс орны көлемінде жұмыс орындарын құру жоспары белгіленген, оның ішінде 60%-дан кем емес тұрақты жұмыс орындары (1210).

01.06.2021 жылғы жағдай бойынша 496 жұмыс орны құрылды (немесе жылдық жоспардың 25%), оның ішінде тұрақты – 98 (8%), уақытша – 398 (49%): Өңірлерді дамыту бағдарламасы бойынша – 10, «Нұрлы жер» бағдарламасы – 33, «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы – 10, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағдарламасы – 15, жеке бастамалар – 30, Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы – 398 жұмыс орны.

Facebook, instagram әлеуметтік парақшаларында халықты жұмыспен қамту орталығының жұмысы тұрақты түрде жарияланып тұрады. Бүгінгі таңда инстаграм парақшасында барлығы 908 жарияланым жарияланды, оның ішінде тікелей эфир – 28, бос жұмыс орындары – 345. 15 мыңнан астам 800 қатысушыға қол қойылды.

Ағымдағы жылы жұмыспен қамту орталығының қызметтерді ұсынуы пилоттық жобада электрондық еңбек биржасы арқылы жүзеге асырылады. Жұмыссыз ретінде тіркелгендердің барлығы 1 634 адам, оның ішінде электрондық еңбек биржасы арқылы 1601 адам.

Өзіне-өзі қызмет көрсету аймағы электрондық еңбек биржасына рұқсаты бар бес дербес компьютермен жабдықталған. Күн сайын орталық 50-ден астам адамға қызмет етеді. Жүгінген жұмыссыздар мен жұмыс берушілерге практикалық көмек көрсетіледі.

**Ләйлә ӘЛКЕБАЕВА,**
**Жезқазған қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы**

# ҰЖЫМДАҒЫ МОРАЛЬДЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ

## *кәсіби мемлекеттік аппараттың негізін құрайды*

***Елімізде егемендік таңы атқан күннен жаңа «Тәуелсіз ел» мәртебесімен бірге мемлекетімізге біршама үлкен жауапкершіліктер артылды. Жауапкершіліктің маңыздысы мемлекетті дағдарыстан аман алып шығу, одан кейін оны өркендету еді. Өркендеуге тұтас халық болып қол жеткізілді десек, бұл тұста мемлекеттік аппаратты кәсібилендіруге үнемі көңіл бөліну де өзінің зор үлесін тигізгендігіне тоқталмай кете алмаймыз.***

2015 жылы қабылданған «Ұлт жоспары – 100 нақты қадамның» алғашқы он бес қадамы кәсіби мемлекеттік аппарат құруға қол жеткізуге көзделгендігі баршаға мәлім.

Өз кезегінде осы көзделген мақсатқа ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйі өз әсерін тигізіп қана қоймай, сонымен қатар қызметшілердің жұмысқа деген құлшынысы мен көзқарасын және еңбек жағдайына қанағаттандырушылығын көрсететіні сөзсіз. Сондықтан, ұжымның көңіл-күйі мемлекеттік аппараттың тиімді және сапалы жұмыс жасауына ықпал ететін факторлардың бірі болып саналады.

Кәсіби мемлекеттік аппарат құруға бағытталған қадамның бірін орындау үшін мемлекеттік қызметшілерінің жаңа әдеп кодексі қабылданған болатын. Әдеп кодексіне сәйкес басшылар қарамағындағы қызметшілермен қарым-қатынас кезінде еңбекті, денсаулықты қорғауға, тиімді қызмет ету үшін қауіпсіз және қажетті жағдайларды жасауға, сондай-ақ, қызметшілердің ар-намысы мен қадір-қасиетін кемсітушіліктің және қол сұғушылықтың кез-келген нысандарын болдырмайтын қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыруға бағытталған шараларды қабылдауға міндетті.

Осыған орай, ұжымда қолайлы ахуал орнату үшін басшылар бірінші кезекте қызметшілерге жұмыс жасау үшін қажетті жағдайларды жасаулары қажет (оргтехникалармен қамтамасыз ету, қызметшілер арасында міндеттерді дұрыс бөлу, қызметшілерді жұмыстан тыс уақытта жұмысқа тартпау және т.б.).

Сонымен қатар, бірінші басшылардың мінез-құлығы, жүріс-тұрысы және жеке қасиеттері де нағыз мемлекеттік қызметшінің деңгейінде болуы тиіс. Себебі, басшыға байланысты ұжымда қолайлы және жемісті моральдық-психологиялық ахуал орын алуы да немесе ұжымда жанжал алаңының орнатылуы да әбден мүмкін.

Бұдан бөлек басшының бақылауында болуы тиіс дүние, ол басқа мемлекеттік қызметшілердің әрекеттері немесе әрекетсіздігі болып табылады. Бұл ретте басшылар тұрақты түрде ұжымның жағдайын бақылап, аппараттың тиімді жұмыс жасауына кері әсерін тигізетін фактілерді уақытында анықтап, оларды жою үшін тиісті шаралар қабылдап отыруы тиіс.

Сонымен қатар, басшылар үнемі ашық болуы, бағынысты қызметкерлермен тікелей байланыста болуы және олардың пікірлерін, ойларын және ұсыныстарын тыңдай біліп, жұмысқа деген ынталандыру құралдарын қолдануы қажет.

Жылдан жылға қызметтік әдеп нормаларын бұзу фактілері азайып келе жатқандығына қарамастан, кейбір мемлекеттік орган басшыларының қызметтік әдеп нормаларын бұзу фактілері әлі де болса орын алып жатады. Тағы бір атап өтетін жайт, ол мемлекеттік орган басшысының әрекетіне қатысты ұжымдық арыздардың түсуі, әрине ол да ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптаспағанының бір айғағы болып табылады.

Ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін анықтау үшін жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметші арасында жүргізілген сауалнамаға сәйкес 2021 жылы 86 % қатысушы ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуал ұнайтынын, 2% ұнамайтынын және 12% әрқашан ұнамайтындығын көрсеткен. Бұл көрсеткіш 2020 жылмен салыстырғанда сәл де болса жақсарып отыр (2020 жылы 84% ұнайтынын, 3% ұнамайтынын, 3% әрқашан ұнамайтынын көрсеткен).

Осыған байланысты ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалды жақсарту үшін әдеп жөніндегі кеңестің шешімі негізінде бірінші басшылардың жеке жұмыс жоспарларына аталған көрсеткіш енгізілген және жылдың қорытындысы бойынша аталған көрсеткіштің орындалуы бағаланатын болады.

Бұдан бөлек мемлекеттік органдардағы әдеп жөніндегі уәкілдер де өздеріне жүктелген функцияларын іске асыру барысында ұжымның көңіл-күйіне басты назар аударулары қажет.

Мемлекетке қызмет етуге келген әр азамат өзіне артылған жауапкершілікті толықтай сезінуі қажет. Жай ғана сезініп қоймай, өзінің бар білімін, тәжірибесі мен күш-жігерін жұмсағаны абзал. Қоғам мемлекеттік қызметшілердің Отанына адал қызмет етуін және оның моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қоятынын ұмытпаған жөн.

Осыған орай, кәсіби мемлекеттік аппарат құру үшін ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал орнатуға бәріміз атсалысайық.

**Бахтияр МАКЕЕВ,**
**Мемлекеттік қызмет істер агенттігі Қарағанды облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы**

# ӘДЕПТІ ҚЫЗМЕТКЕР – МЕМЛЕКЕТ АЙНАСЫ

***Мемлекеттік қызметтің негізгі түп мағынасы – үлкен жауапкершілікті жүктейтін әр салада, әр деңгейде халыққа қалтықсыз көрсетілетін қызмет. Мемлекеттік қызмет әрқашан да мемлекет қаражат қорынан қаржыландырылып, мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысы мен шығындары бюджеттен өтелетіні және қажет болған жағдайда арнайы баспанаға, ғимаратқа орналастырылып, өздеріне жүктелген өкілеттілікті атқаруға қажетті арнаулы керек-жарақпен жабдықталып, мемлекеттік қызметкердің айрықша мәртебесі бар екені белгілі. Айтпақшы, Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметшілердің мәртебесіне байланысты бірқатар заңнамалық тәртіптер енгізіліп, оларға шектеулер мен міндеттер жүктелген. Бүгінгі күні информациялық технологиялар дамыған заманда мемлекеттік қызметшілердің әрекеттері үнемі қоғамның назарында екені белгілі. Сондықтан кәсіби мемлекеттік аппарат қалыптастырып, оның тиімді жұмыс жасауы үшін аталған талаптарды мінсіз сақтап, орындаулары міндетті.***



Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қояды.

Осыған қарамастан өкінішке орай, мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормалары талаптарын сақтамау әлі де жалғасуда, оған дәлел ретінде БАҚ-та жиі жарияланатын ақпараттарды айтуға болады.

Мысалы, өткенде ғана бір қаланың әкімі БАҚ өкіліне сұхбат беру кезіндегі әдепсіз мінез-құлығы қоғам тарапынан біраз сын туғызған болатын. Әрине, әдепсіз мінез-құлық көрсеткені үшін қызметші жазаланады, бірақ оның әрекеттері қоғамның мемлекетке деген сеніміне кері әсерін тигізетіні сөзсіз. Яғни, бір қызметшінің әрекеті жалпы мемлекеттік аппаратқа сын туғызады.

Сонымен қатар, кейбір қызметшілер мемлекеттік бюджетті тегін ақша табу көзі ретінде, қолына тиген мүмкіндікті пайдаланып қалуға тырысатындар әлі де болса жиі кездесетіні алаңдаушылық туғызатыны заңдылық. Осы жағдайларды ескере келіп, нақтырақ айтсақ мемлекеттік орган басшылары мемлекеттік қызметке кандидатты қабылдаған кезде мемлекеттік қызметшілердің білім мен тәжірибесімен қоса әдептілік бейнесіне де назар аудару керек екенін естен шығармауымыз керек.

Адамзат тарихынан білетініміздей, халық дәстүрлі дүниетанымында әдепке ерекше мән беріп келеді. Ғұлама тұлға Әбунасыр әл-Фараби де әдепті әрбір жеке тұлғаның рухани байлығы деп атап көрсеткен. Сондықтан адамның ең бір жақсы бейнесі ол жауапкершілік, сабырлық және адамгершілік екені белгілі. Осыған орай, аталған қасиеттер мемлекеттік қызметкерде болу қажет деп есептеймін. Осы кезде Әлихан Бөкейханның «Ұлтқа қызмет білімнен емес, мінезден» деген сөзі еске келеді. Алайда, жоғарыдағы әкімнің БАҚ өкіліне көрсеткен әрекеті мінез-құлығы бір адамға ғана емес, оның қоғамға деген әдепсіз мінез-құлығын көрсетеді.

Бұдан бөлек, мемлекеттік қызметшілер қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауы тиіс. Өз кезегінде БАҚ қоғамның бір бөлігі бола отырып, мемлекеттік қызметшіні теріс жағынан көрсетуге мақсат қоймайды, себебі ол қандай да бір ақпаратты шынайы түрде көрсетуге мүдделі.

**Берік ДҮЙСЕТАЕВ,**
**«Қазақстан» телерадиокорпорациясы» АҚ-ның Қарағанды облыстық филиалының директоры, Қарағанды облысындағы әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі**



# ҚАСТЕРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚ

***Қасиетті жеріміздің әрбір қадамын қорғау үшін жанын беріп, қасық қаны қалғанша күрескен батыр бабаларымыз бүгінгі ұрпағының бейбіт, ашық аспан астында, Тәуелсіз ел болып өмір сүріп жатқанын бір мезетке болса да көрсе ғой, шіркін! Сол қаһарман жүрек, қайтпас қайсарлығының қасиеті алдына келген жауларын тізе бүктіріп, өжет те өр мінезді, көзінен от, кеудесінен нұр шашыраған сол бір дана да дара, батыр һәм батыл бабаларымызды біз де бір көрсек... Кей кездері сол абзал аталарымыздың, дарабоз тұлғаларымыздың бізге қалдырған аманатын абыроймен алып жүрміз бе деген де ойға қаламын.***

Тәуелсіздік деген не? Тәуелсіздік ұлан-ғайыр өлкеге иелік етіп, соғыссыз елде өмір сүру ғана емес. Тәуелсіздік – өз ана тіліңнің амандығы, дінің мен діліңнің сақталуы, ұлттық құндылықтарыңның құрдымға кетпей, жаңғыруы. Тәуелсіздік – жүрегіңнің Отан-Ана деп соғуы. Тәуелсіздік – өз еліңнің, туған жеріңнің шаттығына шаттану, қиындығына күйіну. Ал біз осы адами міндетті шын сезініп жүрміз бе деген ойға қаламын.

Биыл Тәуелсіздігімізге қол жеткізгенімізге 30 жыл болады. 30 жас – орда бұзар кезең. Осы уақыт аралығында талай күрделі де келелі кезеңдерді бастан өткердік. Десе де, қанға сіңген қайсарлығымыздың арқасында денемізді тіктеп, көшке қосылдық. Бұл жолда көреген басшылар қолдау танытып, тіреу болар халықтың да еңбегі орасан зор.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Заман ағымы бізді Қазақстан Республикасы тұңғыш рет Тәуелсіз ел ретінде әлемге әйгіленген тарихи дата – 1991 жылдың 16 желтоқсанынан күн сайын, сағат сайын алыстатып барады. Біз жыл өткен сайын сол бір тарихи таңдаудың сарқылмас құдіретін жан жүрегімізбен түсінеміз. Ол – егемен мемлекетте бейбітшілік пен келісімде, өзара сенімде азат өмір сүру таңдауы. Ол туған жеріміздің қазынасы мен қазба байлығына дербес иелік етіп, барша қоғамның игілігі үшін өз қалауымызбен жұмсау таңдауы. Ол – өз тағдырымызды өзіміз айқындау, болашағымызды өз қолымызбен жасау таңдауы. Біздің жаңа Қазақстанымыз жарық жұлдыз болып дүниеге келді. Баршамызды Тәуелсіздіктің Ұлы рухы жебейді, біріктіреді, бойымызға қуат беріп, сенімімізді нығайтады», – деген еді. Нұрсұлтан Әбішұлының сарабдал саясаткерлігі мен болашақты алыстайтын болжағыштығы арқасында еліміз талай биік белестерді бағындырды. Елбасының оң бағдарлы саясатын жалғастырған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та халық сенімін ақтап келеді. Ол өзінің «Тәуелсіздік – бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Адам баласы дүниеге патриот болып келмейді. Ол білім мен тәрбие алып, әлеуметтік ортамен араласып, азаматтық болмысын қалыптастыру кезінде патриотқа айналады. Өзінің жеке мақсат-мүдделері қоғам игілігімен үндесіп, елінің дамуына елеулі үлес қосып жатқанын жан-жүрегімен сезінген адам нағыз бақытқа кенеледі. Халқымыздың біртуар перзенті Әлихан Бөкейханов «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген. Біз шынайы патриоттық сезіммен рухтанып, қасиетті Тәуелсіздігімізді одан әрі нығайта түсу үшін бірлесе жұмыс істеуіміз керек» деді. Осылайша барша қазақстандықты елге қамқор болуға, ұлтымызды ардақтауға, жерімізді тұлдамауға, болашағымыз саналатын ұрпағымызды жетімсіретпеуге, жігерін құм қылмауға шақырды. Алда атқарылар шаралар әлі көп. Соңғы кездері іргелес елдер арасында шым-шытырық келеңсіздіктер көбейіп барады. Осы тұста бізге ұтымды шешім қабылдап, оқиғанының келер күнгі сипатын дұрыс сипаттау маңызды. Мен Президентіміз бен білгір жастарымыз, білікті мамандар барда еліміздің ертеңі мәнді де сәнді боларына сенемін.

Тәуелсіздік – тәуекел еткеннің ғана тағдырына бұйыратын бақыт! Егемендікті нығайту – болашақ ұрпақ алдындағы аманатымыз. Аманатқа адал болу – адамдықтың белгісі! Ендеше, Тәуелсіздігіміз тұғырлы, елдігіміз ғұмырлы, аманатқа қиянат жасамайтын ұрпағымыз болсын!

**Әсем АСАНХАНОВА,**
**«Заман жарғысы» ҚБ төрайымы**

ЖАМБЫЛ – 175

***Шашасына шаң жұқпаған, от ауызды, орақ тілді Жамбыл ақынның туғанына биыл – 175 жыл. Ол 1846 жылы Жамбыл облысындағы Жамбыл тауының етегінде дүние есігін ашқан. Жапа есімді кедейдің отбасында дүниеге келген ол жастайынан ән-жырға құштар болып өседі.***



# ХАЛҚЫНЫҢ ЖОҒЫН ЖОҚТАҒАН

Ол сол дәуірде аты Алатаудан асып, көрші көшпелі жұрттарға аты дүркіреп тұрған Сүйінбай ақын, оның өнері жайлы естіп, ақынмен бір жүздесуді армандайды. Осылайша бозбала күнге жеткенде Сүйінбайды ауылына іздеп барады. Сол сапарында Тезек төремен айтысып, оны жеңеді. Өрімдей жас баланың шешендігі мен тапқырлығына, суырыпсалмалығына риза болған Сүйінбай ақын:

О, Жамбыл, бата дедің – бердім саған,
Бақытты, өмірлі бол, жүргің аман.
Батасын ат орнына берді ғой деп,
Қоймағың былай шығып кінә маған.
Соңынан Сүйінбайдың орнын басып,
Тіліңнен балың тамсын соралаған.
Жапаға риза болсын айта барғың,
Осымен өкпелемей жүрсін маған, – деп Жамбылға батасын берген екен. Міне, содан бастап ел арасында айтыскер ақын ретінде таныла бастаған Жамбыл өмірінің соңына дейін:

Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай.
Сырлы, сұлу сөздері,
Маған тартқан сыйындай.
Сүйінбай деп сөйлесем,
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындай, – деп жырлап өткен.

Жамбыл ақын – биік парасатты өнерпаз, азаматтық-саяси поэзияны қалыптастырушы, шынайы шындықтың көркем суреткері. Ол – таза шындықтың ақыны. Сүйінбай ақын секілді Жамбыл да ешкімге жалтақтамай, айтарын астарламай, ащы шындықты шымбайға батыруға дағдыланған. Ел билігіне, халық мұқтаждығына арналған өлеңдерінен бұл қасиетін оңай көре аламыз. Саяси лириканың шекпенін киген ұлы ақынның қай өлеңдерінен болмасын, халықтың ауыр тұрмысын, мұң-мұқтажын, ел басындағы ауыртпалықты, болыс-билер парақорлығының айқын көріністерін ажырата аламыз. Қандай дүниені болмасын, ақын көзімен барлап, сурет күйінде танып үйренген Жамбыл өмірден өткенше осы аңғарымпаз қалпынан танған емес.

Қай заманның ақыны болса да, жай пенделер секілді өз заманына тәуелді. Өз заманының туындысы. Жамбыл шығармашылығы да өз дәуірінің шындық сәулесі. Ол халық әдебиетін, өзінен бұрынғы ақындар шығармаларын, ауызша тараған жыр-дастандарды жатқа білген. Ол туралы Мұхтар Әуезов өз зерттеулерінде, абыз ақынның миллион жол өлеңді мүдірместен жатқа айтатынын жазған.

Жамбыл ақынды ойға алсақ, ең алдымен есімізге ақынның «Ленинградтық өренім» өлеңі түседі.

Ленинградтық өренім!
Мақтанышым сен едің!
Нева өзенін сүйкімді!
Бұлағымдай көремін, – деп басталатын бұл өлеңнен Жамбыл Жабаевтың туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін, ыстық махаббатын аңғаруға болады. Оның 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына арнаған өлеңдері көп. Солардың ішінде «Ленинградтық өренімнің» шоқтығы тым биік. Соғыс жүріп жатқан кезде қартаңдық жетіп, күш-қуаты әлсіреген оған соғысқа аттанған ұлы Алғадайдың өлімі тіптен ауыр тиеді. Перзент қайғысы қабырғасына қатты батқан ол Жеңіс хабарын естиді. Ақын 1945 жылы 22 маусымда дүниеден өткен.

Жамбыл Жабайұлының қазақ әдебиетіне, қазақ поэзиясына сіңірген еңбегі орасан зор. Биыл ақынның туғанына – 175 жыл. Аталған мерейтойға байланысты аймақтық, облыстық, республикалық деңгейде түрлі шаралар ұйымдастырылуда. Бұл күн біздің қаламызда да ескерусіз қалмасына сенемін.

Бастысы – баба мұрасын ұмытпай, одан әрі ұлықтайтын жастар қатары көбейе берсін дегім келеді.

**Ақжүніс БАҚЫТБЕКҚЫЗЫ,**
**Жезқазған гуманитарлық колледжінің студенті**

# МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМА ШАРАПАТЫ



## *393 жезқазғандық баспаналы болған*

***Қазіргі таңда «басыбайлы баспаналы болсам» деп бас қатырмайтын адам кемде-кем. Бұл өткір мәселені шешудің жолдарын Үкімет те жан-жақты қарастырып жатыр. Дер кезінде қабылданған мемлекеттік бағдарламалардың көмегімен қазақстандықтардың бірқатары үйлі-жайлы болды.***

Пәтерді бірі төменгі мөлшерлемемен несиеге рәсімдесе, енді бірі сатып алу құқығымен жалға алды, тағы бірі қызметтік тұрғын үйге қол жеткізді. Бүгін біз Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың халықтың жағдайын жақсартуға бағытталған бес әлеуметтік бастамасын, сонымен бірге ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауының «Азаматтардың әлеуметтік әл-ауқаты – басты басымдық» деп аталған төртінші бағытын жүзеге асыру аясында екінші деңгейлі банктер арқылы іске қосылған «7-20-25», «Баспана хит» бағдарламалары туралы кеңінен тарқатпақпыз. Жүздеген жерлесімізге баспаналы болу бақытын сыйлаған мемлекеттік бағдарламаның шарттары мен тиімді тұстарын «Банк Центр Кредит» АҚ Жезқазған қаласы филиалының жеке тұлғаларға жеке кәсіпкерлерге несие беруден кейін қызмет көрсету менеджері Эльмира Есекенова айтып берді.

– Қазақстандықтардың әлеуметтік жағдайы жақсартып, ел экономикасы қарыштап дамуына септесетін «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» үндеудің бірінші бағыты «Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» яғни «7-20-25» бағдарламасының шарттарына арналды. Осы уақытқа дейін ел нарығы ипотекалық несиелендірудің неше алуан түрін сынап көрді. Дегенмен, бұлардың бірі несие берушіні қанағаттандыра алмаса, енді бірі несие алушы азаматтардың көңілінен шықпай жатты. Мемлекет тарапынан жекелеген әлеуметтік топтар үшін жеңілдетілген несие түрлері мен бюджеттік баспана тұрғызу шаралары да іске асырылып келді. Дегенмен, «7-20-25» бағдарламасы сияқты еліміздің тұрғындары үшін төмен пайызды ұзақмерзімді ипотека беру тұңғыш рет қолға алынды. Елбасының бұл бастамасы, басқасын айтпағанда ТМД елдерінің аймағында теңдесі жоқ әлеуметтік қадам деп бағалауға болады. Көршілес Ресейдің өзінде әлеуметтік ипотекалардың ең төмен пайыздық мөлшерлемесі 11,5-13 пайызды, алғашқы жарна 30 пайызды құрайды. Ал, Елбасының Үндеуінде ұсынылып отырған ипотеканың пайыздық мөлшерлемесі 7 пайызды құрайды. «7-20-25» үлгісіндегі бағдарламада бастапқы жарна мен несие мерзімі де қарапайым азаматтар үшін біршама қолайлы деңгейде белгіленді. Нақтырақ айтқанда, 25 жылға рәсімделетін несиенің бастапқы жарнасы 20 пайыз ғана, – деген Эльмира Рашитқызы екінші деңгейлі банк қарыз алушыдан заемды ұсынғаны және қызмет көрсеткені үшін комиссия ұстамайтынын жеткізді. Сондай-ақ, кепіл мүлік ұсыну және қарыз алушының өмірін сақтандыру міндетті емес. Сақтандыру қажет болған жағдайда барлық шығындарды несие берген банк өтейді. Мұндай тиімді шарттар бұған дейінгі ипотекалық бағдарламаларда болған емес. Осы бағдарламасы бойынша несие алу үшін тұрғындарға қойылар талап та жоқ емес. Олар: Қазақстан азаматтығы; меншік құқығында ҚР аумағында тұрғын үйінің болмауы; кәсіпкерлік немесе еңбек қызметінен тұрақты расталған кірістің болуы; ипотекалық несиелерінің болмауы. Аталған талаптар үдесінен шыққан азамат еліміздің кез-келген қаласынан жаңа үйден пәтер құнының 20 пайызын ұсыну арқылы ипотека рәсімдеу құқығына ие. 2018 жылдың күзінен бері осы ұсынысты қалт жібермеген 15 жезқазғандық Алматы, Нұр-Сұлтан мен Қарағанды қаласынан пәтер алған. «7-20-25» бағдарламасы арқылы Жезқазғаннан да үйлі болғандар бар. Бағдарламаға Алаша хан көшесі 22 Е, Деев көшесі 7 Б мекенжайында бой көтерген көп қабатты тұрғын үйлер қатысқан.

10,75 % пайыздық мөлшерлемемен рәсімделетін «Баспана хит» бағдарламасына келер болсақ оның да тиімді тұстары аз емес. Пәтерді қайталама нарықтан яғни пайдалануға берілгеніне елу жылдан аспаған үйден таңдауға болады. Қалтаңызда 20 пайыз көлемінде алғашқы жарна бар болуы тиіс. Қарыз беру мерзімі 15 жылға дейін. Атыңызда үй болса да, қарыз рәсімдей аласыз. Бірақ ипотекалық берешегіңіз болмауы шарт. Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтау, Атырау қалаларында 25 млн теңгеге дейін, басқа аймақтарда 15 млн теңгеге дейінгі бағада үй сатып алуға мүмкіндік беріледі.

Бүгінгі таңда «Баспана хит» арқылы 378 жерлесіміз үйлі болып, қоныс тойын тойлапты. Жезқазғандықтар пәтерді мысты өлкеден ғана емес мегаполистер мен облыс орталықтарынан да сатып алған. Қос мемлекеттік бардарламаның шарапаты тигендердің нақты санын айту мүмкін емес. Өйткені, біз тілге тиек еткен 393 жезқазғандық отбасы «Центр Кредит» банкіне жүгінген. Осы бағдарламаларды «Сбербанк», «Жусан» , «Еуразиялық», «АТФ», «RBK», «Халық», «Форте» банктері де жүзеге асыруда.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# ҮШТІЛДІЛІК және ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МӘРТЕБЕСІ




***Қарым-қатынастың нәтижелі болуы және ел мен елдің, халық пен халықтың өзара ынтымақтасқан бірлігін өркендетуде тіл білудің мәні күн сайын арта түсуде. Көптілді білу – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілігі болып отыр. Дегенмен, еліміздегі мемлекеттік тілдің алатын орны бөлек екені анық. Осы ойды қазіргі өскелең ұрпақ санасына жеткізуіміз қажет.***

Басқа шетел тілдерін оқыту әдістемелерінде жиі кездесетін «бірінші тіл», «екінші тіл», «үшінші тіл» деген ұғымдар бізде де жиі қолданыс таба бастады. Осылардың ішінде қай тілді жақсы білсе, сол тілді ана тілі ретінде есептеу болашақта жастар арасында жиі көрініс табуы мүмкін. Сондықтан да елімізде үштілді саясатты жүргізу барысында үш тілдің орны, беделі, қолданыс аясы мұқият болуды қажет етеді. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – әлемдік экономикаға, әлемдік қауымдастыққа кірігуімізге қызмет етеді деп көрсетті. Көптілділік деген – әлеуметтік ортадағы қарым-қатынаста көбінесе үш тілден артық тілдерді ұштастыра қолдану үдерісі болып табылады.

Үкімет мемлекеттік тіл – қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, оны азаматтардың барлығы меңгеруі үшін қажетті материалдық-техникалық жағдайларды тегін жасап отыр. Үштілділік саясатына байланысты қазақ ғалымдарының көзқарасын екіге бөліп қарастыруға болады: Бірінші топтағылардың пікірі бойынша үш тілді балалар үйренсін, бірақ бастауыш сыныпта тек қазақ тілін оқуы керек. Сосын басқа тілдерді қосу керек. Сөзімізді дәлелдеу үшін философия ғылымдарының докторы, профессор Амангелді Айталының мына сөзінде: – Жалпы, бұл тілдердің балансы, тілдердің теңдігі туралы ой тудырады. Сондықтан кейбір елдерде 2-3 тіл оқыту етек алған. Бірақ екі-үш тілде оқытатын мемлекеттерде ана тілінің, мемлекеттік тілдің меңгерілуіне көп мән беріледі. Егер мемлекеттік тіл әлі де әлсіз, осал, тұғыры берік болмаса, үш тілді меңгеру мақсат етіп қойылмайды. Сондықтан Қазақстанда үш тілді білім беру жүйесін ең алдымен, қазақ мектептерінде қазақ тілін терең меңгерген 10-11 сыныптарға қолдануға болады. Мектепке дейінгі буыннан бастап үш тілді енгізу – мемлекеттік тілдің болашағына үлкен қауіп төндіретін саясат. Сондықтан мен жұмыс істеп жүрген «Балбөбек» бөбекжайында биылғы оқу жылында ағылшын тілі штаттан алынып тасталды. Оның орнына қазақ тілі сағаты көбейді. Бұл бүлдіршіндеріміздің тіл меңгеруге көп ықпалын тигізеді. Сонымен қатар өзге ұлтпен «Қазақшаң қалай?» атты үйірме жұмысы жүріп тұрады. Көптеген іс-шаралар: «Тілдер мерекесі», «Тәуелсіздік», «Наурыз» өтіп тұрады. «Әжемнің ертегісі», «Асыл мұра» жобалары іске асуда. Егер оқушылар қазақ тілін мықтап меңгерсе, онда басқа тілдерді де оқуға болады. Екінші пікір бойынша балалар кішкентай кезде тілдерді тез үйренеді, сондықтан балабақшадан бастап үш тілді де қатарынан үйрете беру керек. Бұл көзқарастардың туындауына да себеп жоқ емес. Сөзімізді қорытындыласақ, полилингвизм – жаһанданып жатқан әлемнің талабы деп білеміз. Осыған орай, әр тілдің еліміздегі атқаратын қызметі дұрыс насихатталып, мемлекеттік бағдарламада көрсетілгендей, үш тілдің қызметін, қолданысын айқындап алуымыз қажет.

**Гүлмира ОРЫНБАЕВА,**
**«Балбөбек» бөбекжайының орыс тілі пәні мұғалімі**

# ШЕТЕЛДЕ ДІНИ БІЛІМ АЛУ ҚАНШАЛЫҚТЫ МАҢЫЗДЫ?

***Шетелден білім іздеп жүрген отандастарымыздың саны барған сайын артып келеді. 300-ге жуық қазақстандық студент шет елдерде теологиялық білім алып жүр. Бұл статистика комитетінің берген ресми мәліметі.***

Ал осы шетел асқандардың алып жатқан білімі қандай? Шетелде берілген діни білім елге пайдасы қаншалықты? Сондай-ақ қазіргі таңда білім алушылардың қатарында жат ағымдарға кетіп қалғандар бар ма деген сұрақтар да өзекті болып отыр.

Қазіргі таңда деструктивті діни идеологияның алдын алудың бірден-бір жолы – діни білімнің деңгейін арттыру. Сондықтан отандық дін саласындағы мамандарға қойылатын талаптарды күшейтіп, білігін шыңдау маңызды болып отыр. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясаттың 2017 – 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасында дін саласындағы мамандарға қажеттілікке айрықша мән берілді. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев еліміздегі дін мәселесіне байланысты орын алған осы бір өзекті мәселелерге арнайы тоқталып:

– Ел азаматтарының шетелде діни білім алуының реттелмеуі, олардың деструктивті діни идеологияның жетегінде кетуіне және өз елінде маман ретінде сұранысқа ие болмауына әкеп соқтырады. Шетелдің күмәнді діни оқу орындарына оқуға кеткен қазақстандықтарды елге қайтару проблемасы әлі де өзекті болып отыр.

Осыған байланысты азаматтарымыздың шетелдік діни білім беру ұйымдарында теологиялық білім алу тәртібі реттеуді талап етеді.

Ел азаматтарының Қазақстанда діни білім алуы мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет, – деп атап көрсеткен-ді.

Ал білімді Қазақстанда емес, шетелдегі оқу орындарында діни білім аламын деген кез-келген қазақстандық діни басқармадан арнайы жолдама алуы тиіс. Рұқсат алмай, өз бетінше білімін жетілдіруге кеткен білім алушылардың деструктивті діни ағым жетегінде кетуіне ықтималдығы жоғарырақ дейді мамандар.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мен Түркия Республикасының дін істері басқармасы арасындағы келісім бойынша Түркиядағы «Хасекеи» университетінде 2013 жылдан бері қазақстандық жастар діни білім алуда. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы діни білім және кадр дайындау бөлімінің мәліметі бойынша «Хасекеи» университетінде оқу шығындары толығымен Түркия тарапынан төленеді. Аталған оқу орнына Қазақстан тарапынан 116 студент қабылданып, олардың 108-і аяқтап қайтты. Қазіргі кезде «Хасеки» университетінде 43 студент діни білім алуда.

Ал «Әл-Азһар» университеті 2019-2020 оқу жылына бөлген 32 грантқа Нұр-Мүбарак университетінен және медреселерден 32 студент қабылданған. Бүгінде «Әл-Азһар» университетінде 80-нен астам қазақстандық студент оқиды.

Жамбыл облыстық дін істері басқармасы ислам бағытындағы діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі бөлімінің басшысы Еркебұлан Ақбай шетелде діни білім алушылар туралы өз пікірін былай білдіреді.

– Шетелге оқуға кеткен жастарды қайтару мәселесі бар. Біз діни жоғары білімді Қазақстанда алдық. Туған жерде оқығанға ештеңе жетпейді. Ең әуелі маман мәселесін шешіп алған дұрыс. Еліміз бойынша Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарасты 9 медресе бар. Бұл медреселерде де мамандар даярланып келеді.

Біріншіден, жастар асыл дініміз исламның қадір-қасиеттерін бойларына сіңіруі керек. Мешіттерде бүгінде әлеуметтік жағдайы төмен, асыраушысынан айырылған отбасыларға түрлі көмек көрсетіледі. Сонымен қатар жастарға дін тағылымдары үйретіледі, – деп елімізде діни білім алудың ыңғайлы артықшылықтарына тоқтала келе, шетелдерде дін оқуын оқып жүргендерге білім алуды елде жалғастыруға мүмкіндік жасап, оларды қайтару керектігін айтады.

ҚМБД өкілінің мәліметінше, шетелде білім алып жүргендердің көбі Египетте оқиды. Ал өз беттерінше шекара асып, сол жақта түрлі жат ағымдардың жетегінде кетіп жатқандар жайлы ресми деректер жоқ. Қазақстан имамдарын алаңдатып отырған да – осы мәселе. Өйткені өзге мемлекеттерге білім алу мақсатында барып, Сирияға өтіп кеткен жастар жетерлік.

Имамдар нақ осы өз бетінше білім алуға барғандардың жат ағымдар шырмауына түсу қатері көп екендігін айтады.

– Алғашқы діни білім негізі жоқ, өзіміздің дәстүрлі мұсылман құндылықтарымызды үйренбеген, медресе табалдырығын аттап, сауат ашпаған жастар үшін шетел асып, білім алу – қауіпті. Оның себебі – жастардың ол жақтағы іс-әрекетін, білім алу бағытын ешкім қадағаламайды. Белгісіз білім ошақтарының ата дінімізді қаншалықты оқытатыны, жалпы не үйрететіні бізге беймәлім.

Діни білім алғысы келгендерге шекара аспай-ақ Қазақстанда да оқуға болады. Мешіттерде сауат ашу курстары бар. Білімін ары қарай жалғастырғысы келгендер медреселерге, университеттерге бара алады. Шетелге шықпас бұрын өзіміздегі оқу орындарында сауат ашып, діни білімі негізін қалаған жөн.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының рұқсатынсыз, бейресми, өз бетімен оқуға кеткен жастар елімізде тыйым салынған секталар өкілдерінің тәлімін алып, бүлдіргі ағымдардың жетегінде кетіп қалатын болса, ол – қоғамға қауіп, – дейді Қызылжар орталық мешітінің наиб имамы Аян Алыпқашев.

Бұдан бұрын шетелде білімін жетілдіремін деп, теріс ағымдардың кесірінен Сириядағы соғысқа өтіп кеткен атыраулық қыз өз өкінішін білдірген еді.

Бұл ретте дін істері басқармасы және Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы тарапынан ілім іздеп, шетел асқандардың ата-аналары мен туған-туысқандарымен профилактикалық шаралар тұрақты түрде жүргізіліп тұрады.

Мамандардың айтуынша, шетелге кетуге жиналғандардың барлығы құжаттарын өзге мемлекетке «Шетелге турист ретінде барамын» деп толтыратын көрінеді. Ол үш айға жарамды. Сол жақта жүрген кейбір азаматтарға көші-қон туралы заңды бұзғаны үшін айыппұл салынып, ел аумағынан шығуға тыйым салынған. Яғни, елге оралуға мүмкіндік қиындай түседі.

**Әділет СӘРСЕН,**
**исламтанушы.**

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

***Қазақстан Республикасының Ұлыбританиядағы елшілігі Кембридж университетінің баспа үйімен бірлесе отырып «Тұңғыш зерттеуші және Ұлы дала тарихшысы Шоқан Уәлихановтың таңдамалы еңбектері» кітабын жарыққа шығарған болатын. Бұл кітап – Ш.Уәлиханов еңбектерінің ағылшын тілінде жарық көрген тұңғыш басылымы. Осыған байланысты кітапқа редактор болған шетелдік саяхатшы, британдық жазушы Ник Филдинг аталған еңбектің мән-жайы төңірегінде бірқатар ойын қағаз бетіне түсіріп, үлкен мақала жазды. Көлемді еңбектің газеттік нұсқасын назарларыңызға ұсынамыз.***

***«Орталық Азиядағы орыстар» кітабы 1865 жылы Лондонда жарық көргенін білеміз. Ондағы эсселердің барлығын ағылшын тіліне Корольдік географиялық қоғамның екі мүшесі, ағайынды Джон мен Роберт Мичелл аударған болатын. Кітаптың басқа да артықшылықтарынан бөлек, онда «лейтенант Уәлиханов» деген есімнің ерекше аталғандығы біздің назарымызды бұрғызбай қоймады. Өкінішке қарай, Шоқан Уәлиханов 29 жасында Еуропа жұртшылығына еш танылмастан қазақ даласында құрт ауруынан қайтыс болады.***



# Шоқан УӘЛИХАНОВ және АҒЫЛШЫН ТІЛДІ ӘЛЕМ

Біз осынау эссемізде Шоқан шығармашылығының ағылшын тілінде жарық көрген кітабының шығу себептерін зерттеп, Уәлихановтың негізгі еңбектерінің ағылшын тіліне аударылуының неге ұзаққа созылғанының себебін қарастырғымыз келді.

Кітаптың атауы мен шыққан жылына қарамастан, «Орталық Азиядағы орыстар» Орталық Азиядағы орыс экспансионизмін айыптап немесе Британ және Ресей империялары арасындағы қарама-қайшылықтың түрлі себебіне болжам жасамайды. Керісінше, бұл кітап сол кездегі ресейлік зерттеушілер айқындаған Ресейдің Орталық Азиядағы әрекетіне деген ерекше көзқарасты көрсетеді. Сонымен қатар кітаптың аудармашылары мен редакторлары «Ұлы ойынды» жақтаушылар арасында көп талқыланған теорияға, яғни Ресейдің бұл аймақтағы кез келген әрекеті Ұлыбританияның ең маңызды отарлық иелігі болып есептелетін Үндістанға шабуыл бастауының жаршысы дегенге сенбейтіндіктерін айқын көрсетеді.

Алайда кітаптың редакторлары мен аудармашыларының, әсіресе, ағайынды Мичеллдердің Ресейдің Орталық Азияға тізе батыруын қолдағанын анық көруге болады. «Жақында Қоқан хандығында болған саяси оқиғалар салдарынан Орталық Азияға деген үлкен қызығушылықтың туындауы және сол алыс аймақтардағы Ресейдің шынайы жағдайына қатысты Англияда басымдық алған салыстырмалы бейхабарлық бізді осы тақырыпқа қатысты орыс материалдарының ішіндегі ең маңыздысын жинап, оларды ағылшын тілінде көпшілікке ұсынуға итермеледі», деп жазады олар кітаптың алғысөзінде.

Ағайынды Мичеллдер Қоқанның әр түрлі шағын қаласын Ресейдің жаулап алуы мен олардың әскери бекіністерді салуға және жаңадан тыныштандырылған аймақтарды Түркістан деп атау туралы қабылданған шешімге байланысты Ұлыбританияда алаңдаушылықтың күшейіп келе жатқанын атап өтеді. Англияда көптеген адам бұл оқиғаларды Ресейдің британдық Үндістанға деген дұшпандығының дәлелі ретінде қарастырды, дегенмен ағайынды Мичеллдердің бұған көзқарастары басқаша еді. Олар Ресейдің бұл аймақтарға енуін Ресей мен оған бағынышты болуға келіскен көшпелі қазақтардың арасындағы келісімдер салдары, нақты айтқанда Қоқан мен Хиуа хандары мен олардың әскерлерінің рейдтері мен қарақшылық экспедицияларынан Ресейдің оларға көмек қолын созуынан туындаған территориялық шоғырландыру деп түсіндірді. «Демек территориялық пайда табу емес, тыныш иелік ету мақсатында байланыстың берік орнауы мен билікті шоғырландыру Орталық Азия хандарының иелігіне жуырдағы Ресейдің шабуыл жасауына түрткі болды», деп түсіндіреді олар.

Мичеллдер жалпы Бұхарадағы, Хиуадағы және Қоқандағы хандықтардың бәрі орыстардың қол астына өтіп, олардың империяға сіңісіп кетуі тек уақыт мәселесі деп дұрыс болжайды. Бірақ олар жазғандай, кітап «мұндай жаулап алудың онсыз да тым үлкен әрі басқарылуы қиын, орталығында халық тығыздығы төмен аймақта қайта құрылып келе жатқан Ресей империясы үшін пайдасыз екеніне» бірнеше дәлел келтіреді. Олардың айтуынша, хандықтарды тұтқындау орыстарға нақты әскери артықшылық бермейді. Шын мәнінде, «Британдық Үндістанға шабуыл жасау жоспарлары Каспийдегі күшпен де, Бұхарадағы әскер көмегімен де орындалуы әбден мүмкін». Екі жағдайда да, шабуылдаушы бөлімшелер Ауғанстанға жеткенге дейін шамамен бірдей қашықтықты өтуге мәжбүр болады.

Мичеллдердің талдауы Лондондағы үкіметтің қақ ортасында отырған Британ империясының кейбір стратегтерінен мүлде өзгеше болатын. «Ұлы ойын» теориясының жақтаушылары осы тақырыптағы қоғамдық пікірталастарда жиі басым болды, бірақ олардың пікірлері ақырында жаңсақ болып шықты.

Мичеллдер кітаптың алғы сөзін әрі қарай Ресейдің Орталық Азияға қарай тамыр жаюы ақыр соңында Ұлыбританияға пайда әкеледі деп, осы ойды әрі қарай өрбіте түседі: «Түркістанның ұланғайыр кең сахарасындағы тыныштық өркендеуге жалғасқан жағдайда, қазір жоқтың қасы болып тұрған ағылшын өндірушілері мен олардың құралдарына деген сұраныс та арта түседі». Олар ресейліктердің бұл аз зерттелген аймаққа жарық түсіруге тырысқанына ағылшын қоғамы түсіністікпен қарайды деп сенді.

Мичеллдердің бұл көзқарастарын «Орталық Азиядағы орыстар» кітабына кіріспе жазған Корольдік географиялық қоғам хатшысының бұрынғы орынбасары Хьюм Гринфилд мырза да қолдады. Алайда ол Ауғанстандағы Герат – «Үндістанға кіретін кілт» дейтін әңгімелер адамның күлкісін келтіреді деп жазды. Себебі 17 000 футқа дейін көтерілген Гиндукуш пен Кунлун таулары қандай да әскери іс-әрекет үшін өтпес кедергі болатын. «Негізінде», – деді Гринфилд, – «ғылым мен адамзаттың мүддесі үшін Ұлыбритания еуропалық өркениеттің кез келген түрі Гималайдың солтүстігінде жатқан ұлан-ғайыр жабайы жерлерге еніп жатқанына қуануы керек».

Гринфилд Орталық Азияға қатысты нақты мәселе деп білімнің жеткіліксіздігін атап өтті. Кітап кіріспесінде ол сол кездегі Батыс Түркістан деп аталған жерге, оның ішіндегі географиялық орасан зор территорияға, сондай-ақ әртүрлі хандардың иеліктеріне егжей-тегжейлі сипаттама береді. Оның көптеген оқырманы үшін бұл жаңа ақпарат еді. Ол сондай-ақ Қашқария, Жаркент және Хотанның маңыздылығын түсіндіре отырып, шығыс немесе қытайлық Түркістанға да дәл осындай толық сипаттама береді.

Бұл Шоқан Уәлихановтың ағылшын тіліндегі алғашқы жазбалары жарияланған кітаптың контексі еді. Уәлихановтан басқа, «Орталық Азиядағы орыстар» кітабында Е.Кюлевейннің 26 жастағы жас генерал Николай Игнатьев бастаған Хиуа мен Бұхара хандықтарына 1858 жылғы шағын орыс дипломатиялық миссиясы туралы эссесі де бар. Кюлевейн Хиуанық саяси және әлеуметтік құрылымын баяндаумен бірге, қазақтар, хиуалықтар, сарттар, түрікмендер, қоңыраттар және басқа да халықтар арасындағы жекпе-жектер мен саяси шиеленістердің кейбіреулеріне түсініктеме береді.

Шоқан Уәлихановтың «Орталық Азиядағы орыстар» кітабына «Жоңғар очерктері» және ең бастысы, «Алтышардың немесе Қытайдың Нан-Лу (Кіші Бұхара) провинциясының шығыстағы алты қаласының 1858-1859 жылдардағы жайы туралы» атты шығармалары енген. Осы очерктердің барлығы жоғарыда қойылған сұрақтарға, әсіресе Шығыс Түркістанға қатысты сұрақтарға жауап береді. Оларды орыс тілінде 1860 жылы пайда болғаннан кейін көп ұзамай ағылшын тілінде жариялау туралы шешім қабылдай отырып, ағылшын редакторлары олардың басты қызығушылығы тек ақпарат болғандығын көрсетті.

Атап айтқанда, Уәлихановтың Қашқарияға жасаған экспедициясы, оның сауда керуеннің мүшесі ретінде бүркемеленіп жүрген кезіндегі есебі, сырттан келгендер үшін көп жаңалық боларлық ақпараттар әкелді. Қашқария мен Шығыс Түркістан қалаларының көп бөлігі ұзақ жыл бойы өзге адамдар үшін жабық болды және Уәлихановтың жасырын миссиясы әскери жоспарлаушылар мен азаматтық әкімшілерге пайдалы болатын материал жинауға арналған алғашқы маңызды әрекет болды. Ресей Қытай жағындағы Шығыс Түркістанды жаулап алуды жоспарламады, бірақ біраз толқулар орын алған шекараның арғы жағындағы пікірлер туралы білгісі келді.

«Орталық Азиядағы орыстар» кітабы өзінің ағылшын оқырмандарына Ресейдің Орталық Азиядағы мақсаттары Үндістанға қарсы келе жатқан науқанмен емес, олардың территориялық экспансиясын тежеу және нығайту күштерімен байланысты екендігіне сендіру мақсатында басылып шығарылды. Мұндай мақсаттар өз кезегінде бытыраңқы әмірлер мен хандар тудырған тұрақсыздыққа және олардың Ресей қорғауына ие болған қазақтар мен басқа халықтарды талан-таражға салуына байланысты болды.

Кітаптың жалғасы неге жазылмады деген заңды сұрақ тууы мүмкін. Оның себептері қарапайым: бірінші кезекте, атап өткендей, Уәлиханов 1865 жылы, кітап шыққан жылы қайтыс болды. Егер ол әрі қарай өмір сүрген болса, оның беделі бұл жұмысты әрі қарай ілгерілетер еді. Өкінішке қарай, оның құнды жазбалары жинақталып, каталогқа енуі және жазған шығармаларының бірінші басылымы Ресейде басылып шығуы үшін 30 жылдан астам уақыт қажет болды. Ол кезде Орталық Азиядағы негізгі мәселелер, тіпті Ш.Уәлихановтың өзі де, еуропалықтардың көпшілігі арасында ұзақ уақыт ұмытылып кетті. Жаңа заманға дейін белгісіз болып келген осы кең аймақ, атап айтқанда, Азияның шығыс бөлігі туралы ақпарат аз болды. Тек кейбір ғалым ғана оған қызығушылық танытты және олардың көпшілігі оның жазбаларын түпнұсқа орыс тілінде ғана оқи алды.

Белгілі себептерге байланысты бұл аймақтарды тарихи зерттеуде XX ғасырдың көп бөлігінде Орталық Азиядағы оқиғаларды кеңестік идеологияның призмасы арқылы түсіндірген орыс ғалымдары басым болды. Бүгінде заман өзгерген. Ғылыми зерттеулер алға жылжып, Орталық Азия қазірде тарихы мен этнографиясынан әлдеқайда маңызды рөл атқарады. Дегенмен уақыт өткен сайын Шоқан Уәлихановтың жазбалары бұрынғыдан да маңызды бола түседі, өйткені тарихшылар және басқа ғалымдар тарихи жазбалардағы көптеген бос орындарды осы құнды деректермен толтыруға тырысады. Ол осы аймақтың барлық зерттеушісінің ішіндегі ең мұқият, ең білімді және ең адамгершілігі мол тұлғасы болып қала береді. Оның қазақтардың әлеуметтік құрылымы, хандарының тарихы, бақсылық, дала соты үрдістері туралы жазған еңбектері, жинаған халық ертегілері мен ән мәтіндерінің жинақтары – теңдессіз ақпарат қазынасы болып табылады.

Осы себеппен Уәлиханов жазбаларының ағылшынша басылымын шығаруды жөн көрдім. Қазақстанның Ұлыбританиядағы елшілігі, Алматыдағы Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты және Кембридж университетінің баспасымен толық ынтымақтастық арқасында біз «Шоқан Уәлихановтың таңдамалы шығармалары: Ұлы даланың ізашар зерттеушісі және тарихшысы» атты кітабын жарияладық. Ш.Уәлихановты зерттеушілер мен жазушылардың жаңа буындарының алдында таныту оның шығармаларына деген қызығушылықты арттырады және оны ұлы ғалым және өз халқының қорғаушысы ретінде дәріптейтініне осы кітап мүмкіндік береді деп сенемін.

Институттағы ең талантты ғалымдардың бірі болғанына қарамастан, Уәлихановты қазақ ретінде «инородец» – орыс емес, православиелік емес, өзге адам деп санап, оған оқуды бітіруге және соңғы курстық жұмысын жүргізуге рұқсат бермеді.

1854 жылы Уәлиханов орыс әскери офицері К.Гутковскиймен бірге Жоңғар Алатауының бөктеріндегі Қапалға дейін барды және 1856 жылы мамырда өзінің алғашқы әскери миссиясына қазіргі Шығыс Қазақстан арқылы Тарбағатай тауларына, Жоңғар Алатауына, одан әрі қарай қазіргі Қырғызстандағы Ыстыққөлге дейін барды. Экспедицияның мақсаты қырғыздың бұғы руынан адалдық антын алу және Ыстыққөл аймағы туралы топографиялық ақпарат жинау болды. Осы экспедиция аяқталғаннан кейін, 1857 жылы ақпанда оған Орыс географиялық қоғамына толық есеп беру үшін Санкт-Петербургке бару ұсынылды. Семеновтің ұсынысының негізінде ол қоғам мүшелігіне сайланды.

1858 жылы маусымда Уәлиханов өзінің беделін арттыратын экспедицияға аттанды. Ташкенттік көпестің атын жамылып, ол Тянь-Шань тауларының арғы бетіндегі Шығыс Түркістандағы сырттан келгендерге белгісіз қала – Қашқарға бет алған 43 адам, 101 түйе және 65 жылқыдан құралған керуенге қосылды. Ресейлік шенеуніктер Шығыс Түркістанда болып жатқан көтеріліс туралы хабарларға алаңдаушылық білдірді және Қытайдың оны басудағы әлсіздігі Ресей экспансиясының мүмкіндігі бола ала ма, жоқ па деген мәселені белсенді түрде қарастырды. Іле өзенінің аңғары бойымен мыңдаған қазақтар үнемі өз отарларымен Қытайдың бақылауындағы аймақтарға барып-келіп отырды және орыстар олардың пікірлері туралы көбірек білгісі келді.

Уәлихановтың ерекше дағдыларын және оны қазақ тайпалары мен кең даланың басқа тұрғындары туралы өмірлік маңызды ақпараттарды жинауға пайдалануға болатындығын бірінші болып Семенов таныды. Ол жас қазақ және оның Қашқарияға саяхаты туралы былай деп жазды:

«Уәлиханов сол кездегі генерал-губернатор штатындағы ең қабілетті жалғыз офицер болды. Қашқарға қазақ ұлттық киімінде жіберілген ол жетілуі мен дарындылығы арқасында тек Қашқардың ғана емес, бүкіл Алтышардың қазіргі жағдайы туралы Ресей үшін құнды ақпарат жинап, сол кездегі Шығыс Түркістанда болған тәртіпсіздіктердің себептерін анықтауға мүмкіндік берді».

Бұл, демек Орыс географиялық қоғамы, Соғыс және Сыртқы істер министрліктері қолдаған саяхатқа негіз болды. 1858 жылы маусымда Жетісудан кетіп, Уәлиханов өзін Ташкенттен келген көпес «Әлімбайға» айналдырды. Керуен сол жылы қазан айында Қашқарға келді. Уәлихановтың күнделік жазбаларында ол кездескен адамдардың, сөйлейтін тілдердің, олардың әдет-ғұрыптарының сипаттамалары, сондай-ақ егжей-тегжейлі карталар келтірілген. Қалада болған кезде ол аймақтағы ежелгі будда ескерткіштері туралы жазбалар жасады. Ол сонымен бірге одан бір жыл бұрын сол қалада жоғалып кеткен неміс ботанигі және зерттеушісі Адольф Шлагинтвейттің өмірін зерттеді.

Шлагинтвейт Мюнхенде туған бес ағайындының екіншісі болды. Ол ағайынды Герман және Робертпен бірге 1854 жылы Альпінің географиясы мен геологиясы туралы зерттеу жариялады. Сол жылы Шығыс Үндістан компаниясы Александр фон Гумбольдттың ұсынысы бойынша ағайындыларға ғылыми зерттеулер жүргізуді, әсіресе Үндістандағы және оның солтүстік биік тауларындағы жердің магнит өрісін зерттеуді тапсырды. Олар 1854 жылы қазан айында Саутгемптоннан Үндістанға келді және Деканнан өткеннен кейін үш жыл бойы Тибетпен шекаралас Гималай, Қарақорым және Куньлунь тауларын зерттеді.

Үндістан мен Гималайдың етектерін 17 000 мильден асып өткен көптеген саяхаттардан кейін, үш ағайынды 1856 жылдың қазанында Кашмирдің Сринагар қаласында соңғы рет кездесті. Роберт пен Герман Еуропаға теңіз арқылы оралуды шешіп, келесі жылдың маусым айында үйге келді. Көп ұзамай олар өздерінің төрт томдық «Үндістанға және Жоғары Азияға ғылыми миссиясының нәтижелері» еңбегін жариялады (Лейпциг, 1860-1866). Алайда Адольф тауға саяхаттауды жалғастыруға шешім қабылдады. 1857 жылдың жазында оны қытайларға қарсы бас көтерген Қашқар билеушісі Уали ханның әскерлері тұтқындады. 1857 жылы 26 тамызда хан сарайының ауласында Қытайдың барлаушысы деген күдікпен Шлагинтвейттің басы кесілді.

Шлагинтвейтпен болған жағдайды дәл тапқан Уәлиханов болды және кейбір деректер бойынша ол ғалымның басымен Омбыға сәтті оралды. Шлагинвейттің дәптері біраз уақыттан кейін Қашқардағы темекі сататын дүкенде пайда болды, оны парсы саудагері сатып алып, Үндістанға әкелді.

Уәлиханов 1859 жылдың сәуірінде ғана Қашқардан оралып, қайтадан Санкт-Петербургке шақырылды. Ол жерде қоғамдық өмірдің ортасында болып, патша Александр II-ден марапат алып, капитан дәрежесіне көтерілді және 500 рубль сыйақыға ие болды. Оның «Қытай империясының батыс өлкесі туралы» және «Құлжа мен Шәуешектегі сауда туралы» маңызды мақалалары тек әскери орталарда таратылып, 1962 жылы ғана жарияланды. Оған Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментінде жаңа жұмыс берілді, бірақ 1861 жылы көктемде туберкулез ауруы Уәлихановты Санкт-Петербургтен кетуге мәжбүр етті.

1862 жылы ол Атбасар сыртқы округінің аға сұлтаны лауазымына сайланды, бірақ жергілікті шенеуніктер ықпалы бұл лауазымға орналасуына жол бермеді. Бұл Уәлиханов үшін ауыр соққы болды. 1864 жылы, осы сәтсіз сайлау әрекетінен екі жылдан кейін, Уәлиханов генерал Михаил Григорьевич Черняевтің басқаруымен Оңтүстік Қазақстанға әскери экспедицияға қосылды. Генералдың Әулие-Атада (Жамбылда) жергілікті халыққа жасаған қатал әрекеті жас қазақты және бірқатар жанашыр орыс офицерін қатты алаңдатты, олар өз лауазымдарын босатып, әскери операциялар орнынан тез арада кетуге шешім қабылдады. Уәлиханов содан кейін ешқашан Ресей мемлекетіне жұмыс істемеді.

Ол қайтыс болған кезде Орыс географиялық қоғамы оның Қашқарға саяхаты «Марко Поло кезінен бергі ең керемет географиялық жетістік болды» деп мәлімдеме жасады.

Уәлиханов өзінің қазақ болғандығына және православ христиан емес екендігіне байланысты орыстар ұғымында әрдайым «инородец» болғанымен, оларға көшпелі қоғамның құрылысы туралы ең жақсы түсінік ұсынған адам болып шықты. Ол Ресей губернаторлары мен саясаткерлеріне дала көшпенділерінің заң және тарихи дәстүрлерін құрметтеу туралы өтініштер жасады, бірақ оның ешқайсысына құлақ аспады. Орыс географтары, картографтары, ботаниктері мен биологтары кең, жаңадан иемденген Орталық Азия территорияларын картографиялап, жіктей алса да, аймақтағы халықты сондай айқындықпен ешкім түсіне алмады. Уәлиханов қайтыс болғаннан кейін Достоевский оған келген бір адамға өзінің ескі досы туралы жылы сөздерін арнады: «Сіз анау палисандр сандықшаны көріп тұрсыз ба? Бұл – менің сібірлік досым Шоқан Уәлихановтың сыйлығы. Мен үшін өте қымбат. Онда мен өз қолжазбаларымды, хаттарымды және өзіме қымбат заттарымды сақтаймын».

Уәлихановтың ағылшын тіліндегі шығармалар жинағының жаңа басылымы осы таңғажайып адамның өмірі мен шығармашылығына деген қызығушылық пен зерттеуді одан әрі ынталандырады деп үміттенемін.

**Ник ФИЛДИНГ**

*Egemen.kz*

# Сайлау комиссияларының құрамдарына өзгерістер енгізу туралы Жезқазған қалалық мәслихатының ХАБАРЛАМАСЫ

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 10,19-баптарына, Қарағанды облыстық сайлау комиссиясының 2021 жылдың 1 маусымдағы №6 қаулысына сәйкес қалалық аумақтық сайлау комиссиясының құрамынан -1 комиссия мүшесі және №210, №211, №212, №213, №214, №215, №216, №217, №218, №219, №220, №221, №222, №223, №224, №225, №226, №227, №228, №229, №230, №231, №232, №234, №235, №237, №238 учаскелік сайлау комиссияларынан кейбір мүшелерінің босатылуына байланысты Жезқазған қалалық мәслихаты сайлау комиссиясының құрамына өзгерістер енгізілетінін хабарлайды.

Саяси партиялар немесе басқа да қоғамдық бірлестіктердің және Қазақстан Республикасының жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсыныстары 2021 жылдың 10 маусымнан 24 маусымға дейін жұмыс күндерінде (дүйсенбі – жұма) сағат 09.00-дан бастап 18.00-ға дейін қабылданады (мерекелік және демалыс күндерінен басқа), үзіліс сағат 13.00-ден 14. 30-ға дейін.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Саяси партиялар сайлау комиссияның құрамына осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатураны ұсынуға құқылы. Бекітілген мерзімде саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихаттар сайлау комиссиясының мүшелерін өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайлайды.

Ұсынылған кандидатуралар Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 19-бабының 2-1, 10 тармақтарына, 20-бабының 12 тармағына сай болулары тиіс.

Қалалық мәслихатқа белгіленген формада кандидатуралар тізімі жолданады: сайлау комиссияның атауы және нөмірі, комиссияның мекенжайы, кандидатураның аты, жөні, тегі, туған жылы, айы, күні, жеке ұлты* (кандидаттың қалауынша), білімі, жұмыс орны, лауазымы, қызмет телефоны, үй мекенжайы, үй телефоны, саяси партия немесе қоғамдық бірлестіктің мүшесі бола ма екені туралы* (кандидатураның қалауынша), саяси партияның немесе басқа да қоғамдық бірлестік басшысының, құрылып жатқан сайлау комиссиясына қатысты жоғары тұратын комиссия төрағасының қолы қойылуы керек.

Жоғарыда көрсетілген формаға келесілер қоса ұсынылады:

1. Саяси партияның органы немесе басқа да қоғамдық бірлестік немесе құрылатын сайлау комиссиясына қатысты жоғары тұрған орган отырысының хаттамасынан үзінді
2. Саяси партияның немесе басқа да қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық бөлімшелерін әділет органдарында тіркеу туралы құжаттың көшірмесі.
3. Жезқазған қалалық мәслихаты хатшысының атына сайлау комиссиясының жұмысына қатысу жөнінде келісімі туралы кандидаттың өтініші, бекітілген формада биографиялық мәліметтері, жеке куәлік көшірмесі, жұмыс орнынан анықтама.

Сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы мәліметтердің формасы, сайлау комиссияларының жұмысына қатысуға келісімі туралы кандидаттардың өтініштері мәслихат сайтында орналастырылған ((maslihat-zhez.crealog.kz)

Қалалық мәслихаттың мекенжайы: **Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, 1 /10-қабат/**

Қалалық мәслихаттың хатшысы – **Әбдірахман Мұханбетжанұлы Досанов**.

Материалдарды жинауға жауапты: **Бибігүл Жалғасқызы Сейілова** – қалалық мәслихат аппаратының бас маманы, жұмыс тел. 8(7102)711323.

**Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы Ә. ДОСАНОВ**

# Қалалық мәслихаттың 2019 жылғы 10 қаңтардағы №32/293 «Учаскелік сайлау комиссияларының құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 23.01.2001 жылғы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 7-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 28.09.1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 10,19-баптарына. сәйкес қалалық мәслихат ШЕШІМ ЕТТІ:

**№210 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**

1. Кусаинова Еркин Каппасовна
2. Абдыкаликова Сандугаш Туяковна

**№211 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**

1. Бораш Мархаббат Айтмуханбетқызы
2. Аширбекова Жанна Кыздарбековна
3. Мамутова Гулшаим Амангельдиновна

**№212 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**

1. Ким Римма Владимировна

**№213 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**

1.Отызбаев Аклжан Досболович

**№214 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**

1. Калмурзаева Эльмира Нурланбековна
2. Оразбекова Эльмира Ануарбековна
3. Молдабекова Гулнур Кенжебековна
4. Кикбаева Асел Тилегеновна
5. Арынова Макпал Алиповна

**№215 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**

1. Таубекова Мира Вячеславовна

**№216 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**

1. Кыдырбаев Сагындык Қабденұлы

**№217 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**

1. Абдраманова Лазат Примбетовна
2. Жакупова Айгуль Каржаубаевна

**№218 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**

1. .Каржасова Куаныш Ержановна
2. Утебаева Бибигуль Тулетаевна
3. Таймаганбетова Айгерим Кошербаевна
4. Көшербек Перизат Саятқызы
5. Рахметуллин Сексен Аблаевич

**№219 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**

1. Нысамбаева Бакыткуль Касымкановна
2. Есеева Рымкуль Мухатаевна

**№220 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**

Ермекбаева Мөлдір Сағынышқызы
Оспанова Лаззат Турсынбаевна

**№221 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**

1. Жалгабеков Дархан Аубакирович

**№222 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**

1. Балмаганбетов Максут Абдрахманович
2. Жумабекова Гулназ Шариповна

**№223 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**

1. Кикбаева Назгул Ибрагимовна

**№224 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**

1. Ахмет Ерлан Рамазанұлы
2. Талдыбаева Перизат Тулендиевна
3. Маканова Ботакоз Байболатовна
4. Кзырова Гулшат Абдимажитовна
5. Молдагаирова Айгул Аманкалиевна
6. Камбасова Есенкул Жанкараевна

**№225 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**

1. Аханов Габиден Аринович

**№226 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**

1. Тулегенова Зина
2. Отарбаева Уржан Аюбековна
3. Омарова Балдырган Кадировна
4. Кожантаев Болат Мархабатович

**№227 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**

1. Журсунова Молдир Мараткызы
2. Амантаев Мурат Мауленбекович
3. Ибраева Алмакул Абжаппаровна

**№228 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**

1. Мукушева Айнагуль Съездбековна
2. Аубакирова Гульмира Амангельдиевна
3. Утембаева Зулкия Тогаевна

**№229 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**

1. Берлібек Молдабек Баймағамбетұлы
2. Тілен Жұлдызай Әмірханқызы
3. Сарбай Әйгерім Сапарқызы
4. Абенов Салимжан Омирбекович
5. Тулегенова Зина Алмасовна
6. Кудебаева Аяулым Рамазановна
7. Қожамұрат Әсел Сартайқызы
8. Сиротенко Ольга Сергеевна

**№230 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**

1. Жанаев Ерсайын Далабаевич
2. Асансейтова Маншук Шаймуратовна
3. Биболова Нургул Шамгановна

**№231 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**

1. Тлеубаева Зауре Бауыржановна
2. Бірәлі Әсел Бірәліқызы

**№232 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**

1. Досмахов Дархан Кабдоллаевич
2. Ахметбекова Самал Калиевна

**№234 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**

1. Жукова Юлия Николаевна
2. Жұртшыбаев Жалғас Жарқынұлы
3. Вастьянова Екатерина Викторовна
4. Алмагамбетов Руслан Жалгасбекович

**№235 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**

1. Султанбекова Дина Бактыбаевна
2. Утебаева Гульзин Джалмаганбетовна

**№237 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**

1. Абдихалихова Бахытгуль Амзеевна
2. Оспанов Саламат

**№238 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**

1.Тыныбекова Салтанат Рустемовна шығарылсын

**Сессия төрағасы Ш. ИБРАЕВ**

**Қалалық мәслихаттың хатшысы Ә. ДОСАНОВ**

МЕРЕЙ

# ТЕКТІНІҢ ТҰЯҒЫ

***Жезқазған жерінен 70 шақырым қашықтықта орналасқан Теректі ауылының азаматтары әрқашан туған жерінде игі істерге ұйытқы болып жүреді. Солардың бірі – Бұзау Толысбайұлының шөбересі Жүсіп ЫБЫРАЕВ.***

***Тарихи деректерге сүйенсек, Бұзау болыс өз заманында әділ төрелігі, кісілік келбеті, ақыл-парасатымен үлкен құрметке ие болған. Ел арасында болыс жайлы әңгіме қозғалғанда оның замандасы Бидаш болысты Орынбор түрмесінен босатып алып қайтқан азаматтығы алдымен ауызға алынады. Сол кезде жиі кездесетін жер дауы, жесір дауын әділ шешіп, рулар арасының ынтымақ-бірлігін нығайтуға күш салған Бұзау болыс ұрпақтарының құтты қонысы – Теректі ауылы.***



Тектінің тұяғы Жүсіп Базылұлын сөзге тартсаңыз, шағын болса да, тарихы тереңге бойлап жатқан ауылда дүниеге келгенін, отбастарында 8 бала тату-тәтті өсіп-ержеткенін айтады.

«Бала кезімізде ата-бабаларымыз жайлы, атақты Бұзау болыстың ұрпағы екенімізді білсек те ешкімнен ерекшеленбей қарапайым тіршілік кештік. Атамыз Ыбырай Телікөл елінде болыс болғанда, баласы, менің әкем Базылды әр тарапқа оқуға жіберіп, білім алғызыпты. Әкем арабша-төтенше ғана емес, парсыша,орысша жаза алатын, сауатты кісі еді. Талдықорғандағы зооветеринарлық техникумды бітірген. Бай-болыстарды жазықсыз қудалаған заманда ол кісінің оқуы да, өзгелерден білімді болғаны да елеп-ескерілмей, кішкентай ауылда «Базыл молда» атанып ғұмыр кешті. Айта алмаған естеліктері де, жүзеге асыра алмаған армандары да ішінде кеткен шығар деп ойлаймын», – деген Жүсіп аға өткен күндер жайлы тебірене еске алып.

– Бай-бағланның бәрін жау көрген заманда қаншама тарих та, тарихта өз орны бар тұлғалар жайлы да көп сыр айтылмады, дұрыс бағасы берілмеді. Әкемізбен бірге Малшыбай ауылына жақын Алаша хан мазарының түбіндегі бабамыз Бұзау болыстың бейітіне барып, дұға бағыштап қайтқанда басында 1957 жылы қойылған көне тас қана болатын. Атамыз Ыбырай 50 жасында халық жауы атанып, жазықсыз жаламен 1937 жылы атылған. Қолымызда ешқандай нақты құжат болмады. 1957 жылы ақталды деп қана айтылып жүрген ғой. Басқа деректерді індетіп, іздеуге мүмкіндік бола қоймады, әкеміз қайтадан соңымызға түсіп, әулетімізге тағы бір қиындық туа ма деп алаңдаған шығар...

2018 жылы Шымкенттегі саяси қуғын-сүргін құрбандарының музейінен атамызға қатысты деректің ұшы шығып, ақыры сол жақтағы ҰҚК архивінен жазықсыз жапа шеккендер қатарында 1957 жылы ақталғандар тізімінен таптық. Шымкенттің қорғасын зауытында жұмыс істегені, 7 тілде жазылған паспортын тауып, туған жерінде тұрсын деп Жезқазған тарихи-археологиялық музейіне өткіздік. Сонымен қатар бұл музейде Бұзау болыстың бөрігі де сақталған. 1913 жылы Ресей императоры II Николай өзінің Романовтар әулетінің таққа отыруының 300 жылдық тойын тойлағанда Бұзау болыс, Қалманбай батыр әрі болыс, Аңсаған деген кісі , яғни қазақтың игі жақсылары барғанда түсірілген суретте сол бөрікті атамыз киіп тұр. Бұзау болыстың немересі менің әкем Базыл 40 жыл сақтаған құндыз бөрікті мен музейге өткіздім, – дейді Жүсіп Ыбыраев.

Жүсіп Теректіде жетінші сыныпты аяқтаған жылы Базыл ақсақал отбасымен Жезқазған қаласына көшеді. Онда Жүсіп Базылұлы №8 мектепте оқып, одан кейін №36 кәсіптік білім беретін училищеде ағаш шебері мамандығын алып шығады. Отан алдындағы борышын Польшада өтеп қайтқасын, алаш ардақтыларының алтын бесігі атанған Ақтоғайда туған Жұлдызды жолықтырып, отау құрады. Алпыс асқарды бағындырып отырған Жүсіп Ыбыраев – жары Жұлдызбен бірге бүгінде Әмір, Гүлдана, Әділ атты балаларынан 7 немере сүйіп отырған бақытты ата-әже.

– Жезқазғанда алғашқы кездері көлік жүргізуші болып жұмыс істедім, үнемі ауылға барып, мал өсірсем деген ой көкейімнен кетпейтін. Мал бағу ата-кәсібіміз әрі Бұзау болыстың әкесі Толысбайға 6 мың жылқы біткен дәулетті кісі болған ғой. Содан 2002 жылы жер алып, фермер болып бастадым. Ұлытау ауданы, Сарысудың «Қазбек» бөлімшесінде сиыр, жылқы өсіріп, ауылды дамытуға, азық-түлікпен қамтуға аз да болса өз үлесімді қосып отырмын. «Мал бақcanға бітеді» демекші, ырзығыңды еңбекпен тапқанға не жетсін?! – дейді Жүсіп Базылұлы әңгімесін сабақтап.

Туған жеріңді көркейтуге үлес қосып, түп тамырыңнан ажырамай, тарихыңды түгендеп, өткеніңді зерделей білсең ғана жас ұрпақ бойына отансүйгіштік қасиетті қалыптастыра аламыз. Ата-бабамызға қатысты деректерді тауып, басына арнайы тас қойғызғанда атымды шығару үшін емес, соңымыздан ерген буын туған жерінде өткен осындай тұлғаларды біліп, тарихтан тағылым алсын деп ойлаймын. «Өткенге құрмет – ұрпаққа міндет». Әрқайсымыз өз мойнымыздағы міндетімізді адал атқарсақ, жаңа буын жолымызды жалғайды. Бұл – алпыс асуға абыроймен жеткен Жүсіп Ыбыраевтың өмірлік қағидасы.

**Айтқамал ҚОЖЫРБАЕВ,**
**«Айғақ» газетінің арнаулы тілшісі**

ҚҰҚЫҚ

# ӘСКЕРИЛЕРДІҢ ЖАҒДАЙЫ САРАЛАНДЫ

***Қарағанды өңірлік гарнизоны әскери полиция басқармасының анықтау және іздестіру бөлімінің аға офицер-уәкілі, аға лейтенант Б. Маманов және әскери полиция бөлімінің бөлімше бастығы(патруль) бастығы аға сержант А. Джангельдинов 2021 жылы 7-9 маусымы аралығында 44803-Д әскери бөліміне іссапармен келген болатын.***

Бөлім жеке құрамына алыс гарнизондардағы криминогендік жағдайды, әскери қызметшілермен олардың отбасы мүшелеріне қатысты жергілікті тұрғындар тарапынан құқыққа қарсы әрекеттердің болуына мониторинг жұмыстарын жүргізуді мақсат еткен кездесуде барысында 44803-Д әскери бөлім жеке құрамынан анонимдік анкета алынды және ұжымда туындаған сұрақтарға тұщымды жауап берілді.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрі Н.Б. Ермекбаевтың үндеуде айтылған «Қарулы Күштерде кез келген қылмысқа және құқық бұзушылыққа «мүлдем төзбеушілік»» ұстанымы әскери қызметшілер бөлімі арасында үлкен қолдауға ие. Себебі біздің бөлімнің әскери қызметшілері патриотизм, міндет және абырой – жеңімпаз әскердің ізін жалғаған, жарқын болашақтың негізін қалайтын моральдық-рухани құндылықтар екенін жете түсінеді және асқан жауапкершілікпен сезінеді.

**Шахрух НАЗАРОВ,**
**44803-Д ә/б командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары**

СЕНБІЛІК

# ЖАҒАЛАУ ҚОҚЫСТАН ТАЗАРДЫ

***Таза қаланы туған өлкесі мен тұрғылықты жеріне жанашыр, ішкі мәдениеті жоғары, жауапкершілігі мол тұрғындар қалыптастырады. Соңғы кездері қаламыздың тазалығы көңіл көншітпейтін күйге түскені рас.***

***Аталған олқылықты түзеу мақсатында мысты шаһар тұрғындары жалпыхалықтық сенбілік өткізді. Бұл жолғы сенбілік 5 маусым – Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай ұйымдастырылды.***



Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні 1972 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Стокгольм конференциясында қабылданған. 1974 жылдан бері жыл сайын тұрақты түрде әлем елдері осы күнді түрлі мазмұнда атап өтеді.

Аталған күнді елеусіз қалдырмаған қаламыз бойынша 90 мекемеден 1270 адам сенбілікке шықты. Кеңгір су қоймасы жағасынан бастап Бекболатсай, Қостанкелді шағын аудандары мен 93, 94-орамдарын қамтыған сенбілікте жалпы көлемі 1648 гектар аумақ тазаланды. 6303 қураған тал кесіліп, жарамсыз бұтақтардан ажыратылды. Қала тазалығын бұзып, үй және мекеме аумағы маңын қоқысқа толтырған жеке азаматтар мен кәсіпкерлерге ескерту жасалып, 4 629 440 теңге мөлшерінде әкімшілік айыппұл салынды.

Сенбілікке өз еркімен келіп, Кеңгір жағасын қоқыстардан тазартқан азаматтардың бірі – Нұрбол Кәкімжанов.

– Бұрын Жезқазған тазалығымен көпті таңғалдыратын. Қаламыз шағын болғанымен жинақы еді. Қазір бейне бір қоқыс үйіндісінің астында қалғандай сезіледі. Дегенмен, қаланың таза болуы да, қоқысқа толуы да – тұрғындар санасына байланысты. Бүгін қаншама азамат сенбілікке шығып, қаланы тазалады. Олар үлгі боларлық іс істеуде. Сол үшін алғысымды білдіремін. Қала – өз үйіміз. Оны сақтағымыз келсе, таза ұстауға міндеттіміз. Осы тұста барша жезқазғандықтарды тазалыққа жауапкершілікпен қарауға, қоршаған ортамызға қамқор болуға шақырамын, – дейді ол.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

*Құрметті Жүсіп Базылұлы ЫБЫРАЕВ!*



*Сізді мерейлі 60 жас туған күніңізбен құттықтаймыз. Сізге өмірдегі бар жақсылықты, отбасының амандығын, немере-шөбере көруіңізді тілейміз.*

*Құтты болсын туған күн, жүз жасаңыз! Әрқашанда өзіңізді мақтан етіп жүреміз. Тектi тұқым – кешегі бабалардың ізісіз. Жұлдыз екеуіңіз бақытты ұзақ өмір сүріңіз.*

**Тілек білдіруші достарыңыз:**
**Қайыржан – Орынша, Сұлтан – Гүлсім.**

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

# САМОКАТТЫҢ ПАЙДАСЫ мен ЗИЯНЫ

***Бүгінгінің балалары қандай ойын ойнайды, неге қызығады? Осы сауалды балдырғандардың өзінен сұрағанымызда бұрынғыдай қуыршақ пен мәшине ойнайтындары аз екеніне көзіміз жетті. Олардың көбінің бүгінгі қызығатыны – самокат. Алдыңғы және артқы тұсында екі доңғалағы бар, бір аяқты үстіне қойып, екінші аяқтың итеріп күш түсіруі арқылы жүретін осынау құрылғы ғалымдар зерттеуінше, велосипедпен бәсекеге түсіп отыр.***

***Қала көшелерінде де самокат теуіп жүрген жезқазғандық балалардың көптігі сөзімізге дәлел бола түскендей. Ал, самокаттың пайдасы мен зияны қандай? Осы сұраққа біршама жауап іздегенді жөн көрдік.***



Самокат туралы сөз болғанда, ең алдымен, үрей тудыратын сөздердің бірі – оны көп тебу салдарынан баланың екі аяғының ұзындығы екі түрлі болып қалуы. Бұл пікірді алға тартатындар – фитнес-жаттықтырушылар. Олар үнемі бір аяққа күш түсіп, оның серіппелігі артуынан бір аяқ екіншісінен кем дегенде 1-2 см-ге ұзын болатынын айтады. Дегенмен, бұл пікірді дәрігер мамандар былай түсіндіреді. Олардың айтуынша, бала апта бойына күніне 3-4 сағаттан самокат тепсе және оны жылжытуға үнемі бір аяғын қолданса, бұл шынымен бала қозғалысының тепе-теңдігін бұзады. Күнделікті 20-30 минуттан екі аяғын алмастырып тебетін болса, онда самокаттан келер зиян жоқ. Керісінше бұндай жағдайда бала физиологиясына пайдалы болмақ. Балаларға арналған үш доңғалақты самокатты екі жастан бастап қолдана беруге болады. Екі доңғалақтыға 3-4 жассыз мінгізбеген жөн. Өйткені бұл баланың құлауына, өзге нәрселермен соғысып қалып, денсаулығына зиян тигізуіне әкелуі мүмкін.

Самокатты көп қолданғаннан туындар қауіптің бірі – жамбас сүйегінің қисайып, буындардың зақымдануы. Дәрігер мамандар мұны ең үлкен қауіптің қатарына қосып отыр. Сол себепті самокаттың қызығына көп түспей, мөлшерлі уақыттан асырмай қолданғанымыз абзалырақ.

Қай нәрсеге де екі жақты қарай білу маңызды. Қазіргі уақытта ересектер арасында да самокатты қолдану жоғары қарқын алып отыр. АҚШ, Германия, Канада сияқты елдерде жұмысқа самокат теуіп келетіндер қатары көбейген. Себебі – самокат қалтаға қалыңдық түсірмейді, денсаулыққа пайдалы тұстары да бар. Мәселен, самокат тебу жүрек, қан қысымы ауруларының алдын алады, өкпе жұмысын қалыпқа келтіріп, көздің көруін жақсартады. Омыртқа ауруларының алдын алып, ерлерде простатитті болдырмайды. Самокаттың ең пайдалы жағы – артық салмақтан арылуға таптырмас құрылғы. Ағзадағы артық майлардан құтылу үшін күніне кем дегенде 30 минут самокат тебу қажет. Дегенмен, қауіпсіздікті де естен шығармаған жөн. Самокат теуіп жүрген кезде жол апатына түспеу үшін құлаққап тыңдамағыңыз абзал және міндетті түрде басқа шлем киюді ұмытпаңыз.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**





